БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№56 (9474) | 1954 жылғы 7 август Сенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ҚАРҚЫНЫ КҮШЕЙТІЛСІН: **Б. Жақыпов.**—Төзгісіз жайбарақаттықтың салдары. **П. Филь.**—Норманы артығымен орындап келеміз. **С. Темірбаев.** —Өзара көмек. (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: **В. Заболоцкий.** — Колхоз партия ұйымдарының ролін арттыра берейік. **К. Зорин.** — Қажырлы еңбек, игі нәтижесі. **В. Скибский.** —Малшылар арасындағы үгіт (2-бет).

Совет Үкметінің американ соғыс самолеттерінің советтік сауда кемелері жаніндегі заңсыз әрекеттері туралы АҚШ үкметіне нотасы (2-бет).

Совет Үкметінің мәлімдемесі (2-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ: Көрмеде 75 мың адам болды (2-бет).

С. Оразов. —Жолаушылардың қамы үшін (3-бет).

А. Овчинников. —Халық таланттарының облыстық байқауы не көрсетті? (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: **Ғ. Жексенов.**—«Күн әлі жаз той» дейді. **А. Әбілмәжінов.** — Еңбекшілер тілегі ескерілмей отыр. (3-бет).

Советтік Түркменстанның павильонында (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

ЕГІН ЖЫЙНАУ КЕЗІНДЕГІ ҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС

Ауыл шаруашылық жылының ең жауапты және ең шешуші кезеңі—егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстары облыс колхозовхоздарында барған сайын кеңінен іс алуда. Петропавл ауданындағы Кировындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы», «Луч Ленина», Ленин ауданындағы «Тинка Ильича» колхоздары, Мамлют совхозы сынақты алдыңғы қатарлы шаруашылықтар егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарына ұйымшылдықпен кірісіпбұл жұмыстарды күннен-күнге өрістетіп түсуде.

Партиямыздың социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі міндеті жүзеге асыруда үстіміздегі жылы егін жыйнау мен астық дайындауды табысты ұйтаудың айырықша зор маңызы бар. СОП Орталық Комитеті июнь Пленумының арарымен жіберілген облыс егіншілері биылғы көктемгі егісті тұжырымды мерзімде, сапалы аяқтап, бітік егін өсірді. Ауыл шаруашылығының еңбекшілері осы бітік егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алып, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету ісіне келелі үлес қосуға ұмтылулы. Бұған олардың егін даласындағы өндірістік және саяси белсенділігі айқын айғақ.

Егін жыйнау мен астық дайындау—ауылшаруашылық жылының ең жауапты және ең шешуші кезеңі дедік. Демек, бұл науқанды табысты өткізу мүддесі көп күш-жігер жұмсауды, зор ұйымшылдықпен белсенділікті керек етеді.

Сол сияқты, егін жыйнау мен астық дайындаудың табысты жүргізілуі егіншілер арасында бұқаралық-саяси жұмыстарды дұрыс ұйымдастыруға да көп байланысты. Қай жерде бұқаралық-саяси жұмыс дұрыс ұйымдастырылып, нәрменді, алда тұрған шаруашылық міндеттермен тығыз ұштастырыла жүргізілсе, сол жерде істің табысты болатындығы сөзсіз.

Колхоз, совхоздар мен МТС-тердің партия ұйымдары бұл күндері бұқаралық саяси жұмыстарды тікелей дала қостарында, комбайн агрегаттары мен тасымал бригадаларында жүргізуге міндетті. Өйткені, істің тағдыры соларда—дала қостарында, комбайн агрегаттары мен тасымал бригадаларында шешіледі. Әрбір қоста, агрегат пен бригадада жүргізілетін бұқаралық-саяси жұмыс мазмұнды, әсерлі болуы, әрбір шаруашылықтың, әрбір комбайн агрегаты мен тасымал бригадасының егін жыйнау мен астық дайындау жөнінде алдында тұрған нақтылы міндетпен ұштастырыла жүргізілуі керек.

Партия ұйымдары, үгітшілер, ауылдағы ауыл шаруашылығы мамандарының ортасында, ауылдағы ауыл шаруашылығы мамандарының ортасында, ауылдағы ауыл шаруашылығы мамандарының ортасында

Бүгін таңдағы ең басты міндет—егін жыйнауда әрбір комбайнның қуатын үнемі сарқа пайдаланып, егіннің қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйналуын қамтамасыз ету, мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауға жетісу. Міне, аудандық партия комитеттерінің, олардың МТС аймақтарындағы партия топтарының, колхоз, совхоздар мен МТС партия ұйымдарының барлық ұйымдастыру және саяси жұмыстары осы міндеттерді табысты жүзеге асыруға бағытталуға тиіс.

Қазақстан КП облыстық комитетінің бюросы жуырда «Облыс комбайншыларының, тракторшыларының, шоферларының, колхозшыларының, дайындау және транспорт ұйымдары қызметкерлерінің егін жыйнау және астық дайындау кезіндегі социалистік жарысын ұйымдастыру туралы» қаулы қабылдап, Қазақстан КП аудандық комитеттерін, аудандық атқомдерін, облыстық және аудандық комсомол комитеттерін, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш партия, комсомол ұйымдары мен кәсіподақ ұйымдарын егін жыйнауды қысқа мерзімде —15-20 күн ішінде, ысырапсыз өткізу, әрбір колхоз бен совхоздың астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында комбайншылардың, тракторшылардың, колхозшылардың, дайындаушы әлі күнге дейін ұйымдастырмай отыр. Әрине, бұл жағдай аталған колхоздарда егін жыйнау жұмысының барысына кері әсерін тигізбей отырған жоқ.

Жасыратыны жоқ, облыс колхоз, совхоздарында егін жыйнау жұмысы мейлінше қанағаттанғысыз өрістетілуде. Бұл жағдай бұқаралық- саяси жұмысты мейлінше әсерлі жүргізіп, тыңғылықты ұйымдастыруды талап етеді. Быйылғы жылы егіншілер арасында бұқаралық-саяси жұмысты тыңғылықты ұйымдастыруға жағдай мейлінше қолайлы. Әрбір МТС аймағында аудандық партия комитетінің секретары басқарған партия тобы жұмыс істейді. Сол сияқты, комбайн агрегаттарының партия, совет активінен бөлінген ұйымдастырушылары бар. Бұлар ауылселода бұқаралық-саяси жұмысты бүгінгі талаптарға сай ұйымдастыруда көп шараларды жүзеге асыра алады және жүзеге асыруға міндетті де.

Егін жыйнау—маусымды жұмыс. Егіннің ысырапсыз жыйналып, Отан алдындағы бірінші парыз—астық тапсыру жоспарының мерзімінен бұрын орындалуы егін жыйнауды қызу қарқынмен жедел жүргізуге байланысты. Партия ұйымдары өзінің ұйымдастыру және саяси жұмыстарын осы міндеттерді табысты жүзеге асыруды қамтамасыз етерліктей дәрежеде жүргізе білуге міндетті.

Армения мен Ставрополь механизаторларының жарысы

ОКТЕМБЕРЯН, (Армян ССР), 5 август. (СОТА). Налбандян МТС-нің механизаторлары Ставрополь өлкесінің Петровск машина- трактор станциясының комбайншыларымен жарысқа түскен. Армян механизаторлары «Сталинец-6» комбайндарымен күн сайын 23 гектардан астық жыйнауға міндеттенді. Комбайншы Социалистік Еңбек Ерлері С. Долинян, Ц. Шмавонян тағы басқалары орақ басталардың алдында петровшыларда қонақта болып, олардың жұмыс әдістерімен танысты.

Армнияға қайтып келгеннен кейін комбайн агрегаттарын топтап пайдалану әдісімен егін жыйнауда ағымды әдіспен ұйымдастыру тәжрибелерін қолданған Налбандян МТС-нің коллективі Арарат ойпатында астық оруды бірінші болып аяқтады. Сол сияқты, орылған астықтың тазартылуы да едәуір жақсы ұйымдастырылды. Өткен жылы МТС қамтуындағы жерлерде бірде- бір механикаландырылған қырман жоқ еді. Енді Налбандян және Джанфида колхоздарының селоларындағы қырмандар электрлендірілді. Олардың жұмыс өнімділігі 3 еседей артырылды.

Техниканың басым бөлігі быйылғы жылы алғаш рет овощ участоктерінде жұмыс істеп жүр. Механикаландырылған жұмыс огород дақылдарымен айналысатын алты колхоздың барлық алаңдарында да кеңінен қолданылуда.

Жаңа жерлерде астық тасу үшін

СТАЛИНО, 5 август. (СОТА). Облыс колхоздарында егін ору аяқталып келеді. Сол сияқты, астық тасу жұмысы да аяқталуға жақын. Бұл жұмыстар аяқталғаннан кейін «Союззаготтранс» трестінің көптеген машиналары мен жүргізушілері жаңа орақтағы астықты тарту жұмысына көмектесу үшін тың жерді игеріп жатқан аудандарға жіберіледі.

Еліміздегі алдыңғы қатарлы Словянск автоколоннасының 35 автомашинасы өздерінің жүргізушілерімен тың жерлерге жіберілді. Бұл автоколоннаға КБОС пен ССРО дайындау министрлігінің ауыспалы қызыл туы берілген болатын. Аттанардың алдында шоферлар өздерінің автомобильдерін мұқият тексеріп, ағымдағы жөндеуге қажетті саймандармен толық жабдықтады. Тың жерлерге Роевский, Краснополянский және басқа да автоколонналар жақсы дайындықпен аттануда.

Тың жерлерді игеріп жатқан аудандағы астықты тарту ісіне көмектесу үшін трест барлығы 272 автомашина және 450-ден астам жүргізушілерді жіберді.

«Страна Советов» колхозы Булаев МТС-імен бір селода. Бұл МТС басшыларының колхозда егін жыйнауға әзірлік жұмыстарын күнбе- күн бақылауына және бұл жөнінде колхоз басшыларына көмектесуіне толық мүмкіншілік береді деген сөз. Бірақ, МТС директоры Лепехин жолдас бұл колхоздың шаруашылығына басшылық етуден тысқары қалып келеді.

МТС және колхоз басшылары егін орағының алғашқы күні кездескен кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, бұл жауапты жұмысты ойдағыдай жүргізуді ұйымдастырулары керек.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Комбайншылардың алғашқы табысы

Преснов МТС-нің комбайншысы Федор Яковлевич Маер ставропольдік механизаторлардың патриоттық бастамасын қызу қуаттап, өздігінен жүретін «С—4» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде 600 гектар егін жыйнауға және кемінде 8000 центнер астық бастыруға міндеттеме алған болатын. Маер жолдастың сөзіне ізі сай болып отыр. Ол егін жыйнаудың алғашқы күнінен бастап, өзіне бекітіліп берілген машинаның қуатын жұмысқа өнімді пайдаланып келеді. Быйыл егін жыйнауды «Сталин жолы» колхозында (Преснов ауданы) бидайық шабудан бастады. Норма бойынша 10 гектардың, міндеттеме бойынша 30 гектардың орнына ол күн сайын 35 гектар жердің бидайырын жыйнады. Сөйтіп, колхозда егілген бидайық егісін жыйнауды қысқа мерзімде сапалы аяқтады.

Кәзір Маер жолдас күздік қара бидайды жыйнап жүр. Ол жұмысты күн шыққаннан күн батқанға дейін тоқтаусыз жүргізеді. Жұмыс күнінің аяғында көмекшісі Большаков жолдаспен екеуі комбайнға техникалық күтім жасайды. Оның барлық бөлшектерін қарап, тексереді. Босаған винттерін бекітеді, тез қозғалатын бөлшектерді, шынжырларды майлайды.

Ертеңіне жұмысты бастар алдында машинаның механизмдерін тағы да байқайды. Комбайнға күтім жасауды күнбе-күн жақсарта отырып, ол күздік жыйнауда күндік тапсырмасын үнемі асыра орындап келеді.

Сол сияқты МТС-тің таңдаулы комбайншыларының бірі Александр Бабченко жолдас. Ол быйыл «Победа» колхозында егін жыйнайды. Күздік жыйнаудың алғашқы күні 24 гектар жердің егінін жыйнап, екі норма орындады. Бабченко жолдас «Сталинец-6» комбайнымен быйыл 20 жұмыс күні ішінде 800 гектар егін жыйнап, 9000 центнер астық бастыруға міндеттенін отыр. Бұл міндеттемесін аброймен орындау жолында ол аянбай еңбек етуде.

М. НАЗАРОВ.

МТС дирекциясы менің күнбышев атындағы колхозда жұмыс істеуге қосты. Айта кету керек, бұл колхоздың басшылары егін жыйнау басталғанға дейін бұл жұмысқа әзірлікті қолға алмаған. Мен комбайнмен егін ора бастағанда комбайнның бункерінен астық қотаруға транспорт болмады. Ал, бастырылған астық жабық қырмандар болмағандықтан ашық далаға төгілді.

Алғашқы күні мен 20 гектар сұлы жыйнадым. Егер колхоз басшылары комбайн бункерлерінен астықты қотаруға транспортты жеткілікті бөлген болса, онда мен бұдан да артық егін орған болар едім. Бұл жөнінде колхоз председателі Сорокин және МТС директоры Нечипоренко жолдастарға орынды талап қойдым. Келесі күннен бастап, МТС дирекциясы менің агрегатыма бір жүк автомобилін бөлді. Мұның өзі еңбектің өнімді болуына мүмкіндік берді.

Бұл күні жұмыс уақытын өнімді пайдалану, агрегаттың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы бір «Сталинец-6» комбайнымен 31 гектар егін жыйнадым. Ал, жұмыстың үшінші күні менің жыйнаған егінімнің көлемі 32 гектарға жетті.

Кәзіргі уақытта көлемі 102 гектар

ның бригадирі Нетисов жолдас МТС басшыларына талап рет орынды талап қойды. Ал, МТС орталығында жаңа екі лущильник босқа тұр.

Колхоз партия ұйымы, оның секретары Белоусов жолдас егін жыйнаушылар арасында үгіт- бұқаралық жұмысын жүргізуді әлі күнге дейін ойластырмай-ақ келеді. Егін орағы басталғалы бізге бірде- бір үгітші келіп, әңгіме өткізген емес. Газет, журналдар уақытылы жеткізілмейді.

Күнделікті тапсырманы артық орындау, астықты көптеп бастыру жеңіндегі Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының бастамасына жауап ретінде біз күн сайын кемінде екі норма орындап отыруға міндеттенген болатынбыз. Біз бұл міндеттемемізді аброймен орындап келеміз. Агрегат мүшелері еңбек өнімділігін кәзірден арттыра отырып, маусымдық тапсырманы кемінде екі есе орындап шығатын болады. Мұның өзі астық өндірісін шұғыл өркендету күресіне біздің қосқан үлесіміз. Осы табысқа жету үшін колхоз, МТС басшылары бізге тиісті көмек көрсетсе екен.

П. ФИЛЬ,
Приешім МТС-нің комбайншысы.

Қалада жаңа овощь дақылдары сатыла бастады

Петропавл ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының М. Ткаченко жолдас басқарған огород бригадасының мүшелері быйыл овощь дақылдарынан мол өнім алу жолында көп еңбек сіңірді. Олар көктемде қиярды, сәбізді, пиязді тағы басқа овощьтарды жақсы жұмыстанған жерге деркезінде еккен-ді. Жазда овощь дақылдарының қатараралықтарын өңдеу, оларды суару, қосымша қоректендіру жұмыстарын ойдағыдай жүргізді. Осының нәтижесінде огородшылар бітік овощь өсірді.

Кәзір колхоз огородшылары пісіп, жетілген овощь дақылдарын жыйнауда. Бұл жұмыста бригада мүшелері М. Ченсовз, А. Рейкина, М. Боянова, Самойлова жолдастар үлгілі еңбек етіп жүр. Бригада мүшелері қиярдан, сәбізден, пиязден жыйналған алғашқы өнімді тез тазартып, мемлекетке тапсырды. Сөйтіп, бұл дақылдардың өнімін мемлекетке тапсыру жөніндегі жоспарды мерзімінен бұрын орындады.

Колхоз басқармасы мемлекетке қияр, сәбіз, пияз тапсыру жоспары орындалтаннан кейін бұл дақылдардан алынған өнімді қала халқына сатуды ұйымдастырды. Колхоз алғашқы 4 күн ішінде сатқан овощьтардан 10.200 сомның табысын алды.

Сол сияқты, овощь дақылдарын жыйнауды осы аудандағы Ворошилов атындағы, Калинин атындағы колхоздардың огородшылары да қызу жүргізуде. Олар мемлекетке овощь дақылдарын тапсыру жөніндегі жоспарды кәзір 60 процентке жуық орындады. Жақында бұл колхоздар да қала еңбекшілеріне овощь дақылдарын сататын болады.

Қ. ҚАБДОЛОВ.

Өзара көмек

Шағлы совхозының коллективі егін жыйнауға ойдағыдай әзірлікпен келді. Совхоздың барлық бөлімшелері пісіп- жетілген егінді оруға жаппай кірісті. Комбайншылар машина қуатын өнімді пайдалана отырып, екі жұмыс күні ішінде 400 гектар бидайық шапты. Кәзір олар күздік және жаздық дәнді дақылдарды оруда.

Сол сияқты егін жыйнауды Қыялы, Киров атындағы совхоздар да ұйымшылдықпен бастады.

Бұл совхоздардың коллективтері егін жыйнауда Совет ауданының колхоздарына көмектесуде. Мәселен, Шағлы совхозының механизаторлары «Колос», «Путь к коммунизму» колхоздарының әрқайсысына бір- бірден және Сталин атындағы колхозға екі механизм күшімен жүргізілетін астық тазартқыш жасап берді. Сол сияқты, колхоздар үшін мұндай астық тазартқыштарды Киров атындағы, Қыялы совхоздарының механизаторлары да әзірлеуде.

С. ТЕМІРБАЕВ.

міндеттер қойды. Бұл міндетті аброймен орындау үшін қоғамдық малды тұрақты жемшөп қорымен қамтамасыз ету шешуші роль атқаратындығы мәлім. Осыған байланысты колхоз комсомолцетері мен жастары үстіміздегі жылы қоғамдық мал азығының берік базасын жасау ісіне өздерінің игілікті үлесін қосуға ұйғарып, міндеттемелер алған болатын. Олардың сөзі мен ісінде айырмашылық жоқ. Алған міндеттемелерін аброймен орындауда.

Кәзір пішен дайындау жұмысында екі комсомол -жастар звеносы істеп жүр. Оларды комсомолцетер Бухонин, Ефимов жолдастар басқарады. Шөп шабудың алғашқы күндерінен бастап звено мүшелері өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Мысалы, Бухонин жолдас басқарған комсомол- жастар звеносын алайық. Бұл звено кәзірдің өзінде 1750 центнерден астам шөп дайындап, жақсы көрсеткіштерге ие болды. Пішен дайындауда, әсресе, комсомолцетер Ильина, Исаев, Шилькe жолдастар жақсы табыстарға ие болып жүр. Олар күнделік нормаларын үнемі 1,5—2 еседен орындауда. Мұндай көрсеткіштерге Ефимов жолдас басқарған звено комсомолцетері де ие болып келеді.

Пішен дайындау жұмысымен бірге мал қораларын тазарту жұмыстарына да көп көңіл бөлінуде.

Колхоз комсомол ұйымы пішеншілер арасындағы саяси- бұқаралық жұмыстардың өрісінің кең болуына үздіксіз назар аударады. Қоста жұмыстан бос уақытта пішеншілердің арасында дауыстап газет, қызық кітап, журналдардан үзінді оқылып отырылады.

Бұл күндері колхоз комсомолцетері мен жастары БЛКЖО Орталық Комитетінің «Комсомол ұйымдарының 1954 жылы колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындауға қатысуы туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, пішен дайындау жұмысын егін орағы жаппай басталғанға дейін аяқтауға көтеріңкі міндеттемелер алып, оны орындау жолында еңбек өнімділігін арттыруда.

М. ПОНОМАРЧУК,
Соколов ауданы,
Киров атындағы колхоздың бастауыш комсомол ұйымының секретары.

ШӨП ЖЫЙНАЛЫП, СҮРЛЕНУДЕ

Мамлют совхозының коллективі қысқы мал азығын жыйнауда елеулі табыстарға жетіп шабылған пішеннің 80 процеттін астамын маялап болды. Шөп сүрлеуге де ерекше көңіл бөлінуде. Сүрленетін күнбұрысты екі комбайн шауып жүр. Комбайншылар В. Кабанов, И. Мединский жолдастар өз агрегаттарымен күндік нормаларын асыра орындап келеді. Сүрленетін шөпті шоферлер: Д. Шаповалов, Я. Исиргепов жолдастар да ешбір тоқтаусыз тиісті орын дарға жеткізуде. Шөп сүрлейтін орға кәзірдің өзінде ақ 200 тонна сапалы сүрленетін шөп жеткізілді.

Совхоздың коллективі қысқы мал азығына деп әр сыйырға кемінде 5-6 тонна сүрленген шөпті әзірлеуді ұйғарды.

Г. ЧЕШКОВ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Колхоз партия ұйымдарының ролін арттыра берейік

Бастауыш партия ұйымы—колхозды деревнядағы үлкен күш. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулылары колхоз бастауыш партия ұйымдарының алдына үлкен міндеттер қойды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру колхозды деревня шаруалары арасында партиялық- саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға тікелей байланысты. Өйткені, бұқаралық-саяси жұмыс жақсы жолға қойылған жерде шаруашылықтың да ілгері басатыны мәлім.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету міндеті колхоз бастауыш партия ұйымдарының жұмысын мейлінше жақсартып, оны барған сайын нығайтып отыруды керек ететіні сөзсіз. Колхоз бастауыш партия ұйымын нығайтып, оның ролін арттыра беру үшін ең алдымен бастауыш партия ұйымының секретарлығына ұйымдастырушылық қабілеті бар, тәжрибелі, қолынан іс келетін адамдарды іріктеп алу керек.

Біздің Булаев аудандық партия комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейін-ақ бастауыш партия ұйымдарының жұмысын қайта құруға батыл кірісе бастады. Колхоз партия ұйымының секретарлығына қабілетті, қолынан іс келетін коммунистер іріктеліп алынды. Аудандағы 13 колхоз партия ұйымы секретарларының ушеуінің орта дәрежелі, біреуінің толық емес жоғары дәрежелі, ал, бесеуінің жетіжылдық мектеп көлемінде білімі бар. Партия ұйымының секретарлығына қолынан іс келетін адамдарды іріктеп алу, деревнядағы партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға мүмкіндік беруде.

Бұдан біраз уақыт бұрын «Гигант» колхозында партиялық-саяси жұмыс төмен дәрежеде жүргізілді. Саяси- бұқаралық жұмыстың өз дәрежесінде болмауы шаруашылық жұмыстарына да керісінше әсер тигізбей қойған жоқ. Біраз коммунистер колхоз өндірісінде авангардтық роль атқармады. Колхоз партия ұйымы тарапынан басқарма жұмысы бақыланып, оған бағыт беріп отырылмады.

Аудандық партия комитеті колхоздағы бұл жағдайды ескеріп, бастауыш партия ұйымының секретарлығына Сизинский жолдасты сайлауды ұсынды. Сизинский жолдас Булаев МТС-і аймағындағы партия тобының көмегімен қысқа мерзім ішінде коммунистердің жұмыстағы белсенділігін арттыруға жетісті. Ай сайын партия ұйымының жұмыс жоспары жасалынып, ол коммунистердің жалпы жиналысында бекітілді. Бұл жоспардың және партия жиналысы қабылдаған қарарлардың орындалуы партия ұйымы, оның секретары Сизинский жолдастың тарапынан бақылауға алынды. Коммунистер колхоз өндірісінің жауапты участоктеріне тағайындалып, олардан сол өзі жұмыс беріледі. Мұнда үгітшілер бір- бірімен пікір алысып, тәжрибе ауыстырады. Бұл күндері колхоз үгітшілері партия ұйымының басшылығымен СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын колхозшылар мен механизаторлар арасында кеңінен насихаттап, оларды қажырлы еңбекке жігерлендіруде.

Колхоз партия ұйымы басқарма жұмысына бақылау жасап, оған бағыт беріп отырады. Осы жылдың февраль айында партия ұйымы басқарма мүшелерімен бірлесе отырып, колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендету және колхозшылардың мәдени- тұрмысын жақсарту туралы мәселе қараған болатын. Мұнда шаруашылықты ілгері бастыруға бағытталған бірқатар шаралар белгіленді. Колхозда клуб үйін салу, электр станциясын сатып алу ұйғарылды. Бұл шаралар көзір жүзеге асырылуда. Колхозшылар үшін тұрғын үйлер, қоғамдық мал үшін стандартты қоралар салу құрылысы қызу жүргізілуде.

Коминтерн атындағы колхоздың партия ұйымы да (секретары Горболев жолдас) бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жақсарту арқылы коммунистердің колхоз өндірісінде авангардтық роль атқаруына жетісін келеді. Мұнда да жоспар бойынша партия жиналыстары және колхоз активтерімен басқосқан ашық партия жиналыстары өткізіліп тұрады. Онда бүгінгі күннің қажетінен туған мәселелер талқыланады. Коммунистер мен партия мүшелігіне кандидаттар жұмыстағы кемшілікті қатаң сынға алып, шаруашылықты ілгері бастыруға негізделген бағалы ұсыныстар енгізеді.

Партия ұйымы көктемгі егіс кезінде, сондай-ақ, шөп шабу және егін орағына өзірлік күндерінде де коммунистер мен барлық колхозшылардың социалистік жарыска ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдауын қамтамасыз етті. Әрбір бригада, мал фермасы және жекелеген колхозшылар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған. Бұл міндеттемелердің орындалуы, социалистік жарыстың барысы ай сайын тексеріліп, оған қортынды жасалады. Социалистік жарыстың озаттары көрсеткіш тақталарына жазылады. Олардың жұмыс үлгілері қабырға газеттері және жауынгерлік листоктар арқылы насихатталып, көпшіліктің игілігіне айналдырылады.

Колхозда бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының жоғары дәрежеде жүргізілуі шаруашылық жұмыстарын алға бастыруға үлкен әсер етуде. Колхоз көктемгі егісті қысқа мерзімде сапалы аяқтап, бітік егін өсірді. Кәзір қоғамдық малға жемшөп әзірлеу, егін жыйнау жұмыстары табысты жүргізілуде.

Алайда, кейбір колхоз партия ұйымдары бұқаралық- саяси жұмысты бетімен жіберіп, жұмыста несіздікке жол беріп фермаларында жұмыс істеп жүрген колхозшылардың бірқатары өздерінің күнделікті тапсырмаларын орындамайды. Колхозда бұқаралық- саяси жұмыстың жайы төзгісіз нашар. Колхозшылар арасындағы социалистік жарыс формальді түрде ұйымдастырылған. Оған мезгілінде қорытынды жасалып, ол жария етіліп отырылмайды. Тіпті кейбір колхозшылар өзінің сменалық тапсырмасын қалай орындап жүргенін, өзі жарыска түскен колхозшының тапсырмасын қалай орындайтынын білмейді.

«Вторая пятилетка», «Красное знамя» колхоздарында да істің жайы дәл осындай. Аталған колхоздардың партия ұйымдары басқарма председательдерінің, ферма меңгерушілерінің, дала бригадалары бригадирлерінің есептерін жыйналыс сайын тыңдайды десе де болады. Бұл жыйналыстарда кемшіліктер сынға алынып, оны жоюға бағытталған шаралар белгіленіп, қаулы алынады. Осымен істің бәрі аяқталады. Қаулының орындалуын партия ұйымдары бақыламайды. Әрине, жұмыстың мұндай стилінің шаруашылыққа ешқандай пайда келтірмейтіні мәлім.

«Красное знамя», «Вторая пятилетка» колхоздарының партия ұйымдарына Калинин МТС-і аймағындағы аудандық партия комитеті тобының көмегі жеткіліксіз. Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы тобының нұсқаушысы Антонов жолдастар осы колхоздарда бірнеше рет болды. Бірақ, оның мұнда болуынан жағдай өзгерген жоқ. Топтың қызметкерлері партия ұйымдарына жұмыс үстінде нақтылы көмек көрсетудің орнына, кей жағдайларда олардың пікірімен санаспай, мәселені өздерінше шеше салады. Сөйтіп, бастауыш партия ұйымының ролін күшейтудің орнына, оны төмендетуге өздері себепкер болады.

Аудандық партия комитетінің де аталған колхоздардың партия ұйымдарына басшылығы тиісті дәрежеде болмады. Аудандық партия комитеті барлық жұмысты топтың қызметкерлеріне жүктеп, кей жағдайда тек нұсқау қағаздар жіберумен шұғылданған уақыттары да болды. Бұқаралық- саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жоғары дәрежеде жүргізетін партия ұйымдарының іс тәжрибесін насихаттауға да аудандық партия комитеті тарапынан тиісті дәрежеде көңіл бөлінбеді.

ККП аудандық комитеті осындай кемшіліктерді ескеріп, партия ұйымдарының жұмысын жақсартуға бағытталған бірқатар шаралар белгілеп, оларды жүзеге асыруға кірісті. Аудандық партия комитеті колхоз бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсартып, оларды ұйымдық жағынан нығайта береді. Сөйтіп, СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда колхоз партия ұйымдарының ролін арттырып, әрбір қом



Эстон ССР-і. «Эстонсланцестрой» тресі шахтерлер үшін тұрғын үйлер мен мәдени- тұрмыс мекемелерін салуда үлкен құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Соғыстан кейінгі жылдары Кохтла-Ярве қаласында 100 мың шаршы метр тұрғын аландар пайдалануға берілді. Йыхви, Кохтла- Ярве қалаларында, «Кукрусе», «Вийвиконна» тағы басқа да жұмысшы поселкаларында 100 мың шаршыметр жолдар мен тротуарларға асфальт төселді.

СУРЕТТЕ: Кохтла- Ярведегі Сталин атындағы алаң.

Суретті түсірген **В. Самусенко.**
(СОТА-ның фотохроникасы).

Солтүстік облыстар комбайншыларының көмегі

Алматы облысының колхоздарына Ақмола облысы комбайншыларының үлкен бір тобы келді. Тың және тыңайған жерлерден келген механизаторлар өз жеріне егін піскенге дейін астаналық облыс колхоздарына көмектеседі.

Кесбармақ МТС- нің комбайншысы Иван Евтушенко Алматы МТС-ніц қамтуындағы колхоздарға жүріп кетті. Авангард МТС- ніц комбайншысы Фома Мартуков Шелек ауданының Каратұрық МТС-і қамтыған колхоздарда егін жыйнайды. Спасская МТС-ніц комбайншысы Михаил Чистаков пен Михайлов МТС-ның комбайншысы Андрей Павленко Іле ауданы, Талғар МТС-ніц және Ұйғыр ауданы Чапаев МТС-ніц қамтуындағы колхоздарда егін жыйнауға жіберілді.

Ақмола облысынан 51 комбайншы келді, олар өздерінің быйылғы жылы алған машиналарымен келген.

Облыс колхоздарының егіс даласында Қостанай және Ақмола облыстарынан келген 111 комбайн агрегаты жұмыс істейді.

(ҚазТАГ).

Комбайншылардың жоғары еңбек өнімділігі

Совет Үкметінің американ соғыс самолеттерінің советтік сауда кемелері жөніндегі заңсыз әрекеттері туралы АҚШ үкметіне нотасы

3 августа ССРО Сыртқы Істер Министрлігі АҚШ-тың Москвадағы елшілігіне мынадай мазмұндағы нота жолдады:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі Америка Құрама Штаттарының үкметіне мынаны мәлімдеуді қажет деп есептейді.

Тайвань аралы ауданындағы АҚШ-тың соғыс- теңіз флоты бақылайтын суларда соғыс кемесінің советтік «Туапсе» танкерін заңсыз ұстауына байланысты, Тайвань аралы ауданындағы ашық теңізде жүзіп келе жатқан советтік сауда кемелерін американ соғыс самолеттерінің ұзақ уақыт бойына үнемі аңдып ұшып жүретініне назар аударуға болмайды. Совет кемелеріне қатер туғызарлықтай жақын жерлерден шығып, бұл самолеттер кемелердің үстінен тіпті төмен ұшып өтеді, дәл кейде олардың үстінде сағат бойына айналып ұшып жүреді.

Американ соғыс самолеттерінің мұндай арандатушылық әрекеттері ашық теңізде сауда кемелерінің жүзу еркіндігін жеріне- көзге бұзушылық болып табылады және АҚШ-тың соғыс өкмет орындарының халықаралық правоның жалпы жұрт таныған нормаларымен мүлдем санаспайтындығын дәлелдейді.

Мұнымен бірге, американ соғыс самолеттерінің мұндай әрекеттері соғыс-теңіз кемелерінің советтік сауда кемелеріне шабуыл жасауы үшін белгі беру мақсатын да көздейтіні әбден айқын. Атап айтқанда, мұны 23 июньде Тайвань аралы ауданында советтік «Туапсе» танкерінің басып алынуына байланысты жағдайлар дәлелдейді.

Совет сауда кемелерінің ашық теңізде жүзуін қыйындататын американ соғыс самолеттерінің мұндай үнемі заңсыз әрекеттер жасауының мысалы ретінде соңғы уақытта Тайвань аралы ауданында кездескен мынадай фактілерді көрсетуге болады.

1. 11 июньде 13 сағат 03 минутта Оңтүстік Қытай теңізіндегі солтүстік ендіктің 14 градус 27' мен шығыс бойлықтың 115 градус 27' координатындағы және 15 сағат 05 минутта солтүстік ендіктің 14 градус 40' мен шығыс бойлықтың 115 градус 38' координатындағы пунктте американ соғыс самолеті советтік «Михаил Кутузов» кемесінің үстінен төне ұшып екі рет айналып өтті. 12 июльде солтүстік ендіктің 16 градус 29' мен шығыс бойлықтың 117 градус 29' координатындағы пунктте американ самолеті дәл осы кеменің үстінен бірнеше рет айналып ұшып өтті.

2. 14 июньде Тайвань аралы оңтүстік- шығыс жағындағы солтүстік ендіктің 21 градус 16' мен шығыс бойлықтың 121 градус 44' координатындағы пунктте екі американ соғыс самолеті советтік «Михаил Кутузов» кемесінің үстінде бір сағат бойына 60 метр 400 метрге дейінгі биіктікте айналып ұшып жүрді.

3. 16 июньде 18 сағат 57 минутта Тайвань аралының шығыс жағындағы солтүстік ендіктің 25 градус мен шығыс бойлықтың 123 градус координатындағы пунктте американ самолеті советтік «Кемерово» кемесінің үстінен 30 метр биіктікте айналып ұшып өтті.

4. 23 июньде 10 сағатта оңтүстік Қытай теңізінде солтүстік ендіктің 8 градус 00' мен шығыс бойлықтың 109 градус 14' координатындағы пунктте американ самолеті советтік «Ленинград» танкерінің үстінен болмашы биіктікте бірнеше рет айналып ұшып өтті. 24 июньде 11 сағат 30 минутта солтүстік ендіктің 11 градус 53' мен шығыс бойлықтың 112 градус 58' координатындағы пунктте американ самолеті дәл осы кеменің үстінен 60 метр биіктікте жеті рет айналып ұшып өтті.

5. 24 июньде 5 сағат 30 минутта Тайвань аралы ауданында солтүстік ендіктің 24 градус 30' мен шығыс бойлықтың 127 градус 00' координатындағы пунктте және 10 сағат 50 минутта солтүстік ендіктің 24 градус 48' мен шығыс бойлықтың 127 градус 05' координатындағы пунктте американ самолеті советтік «Апшерон» танкерінің үстінен төне ұшып бірнеше рет айналып өтті.

Американ соғыс самолеттерінің советтік сауда кемелерін аңдып бұлай ұшуы қыйыр шығыстық теңіздер мен Тынық мұхиттың басқа аудандарында да болып отыр.

Ашық теңізде, атап айтқанда, Тайвань аралы ауданында жүзіп жүретін советтік сауда кемелері жөніндегі американ соғыс самолеттерінің мұндай заңсыз әрекеттеріне жол беруге болмайтынына АҚШ үкметінің назарын аударып, Совет Үкметі ашық теңізде сауда кемелері жүзуінің еркіндігін американ соғыс самолеттерінің бұзушылықтарын тоқтатуға АҚШ үкметі қажетті шаралар қолданады деп күтеді».

Төрт мемлекеттің Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы

Совет Үкметінің мәлімдемесі

4 августа Совет Одағының Франциядағы Елшісі С. А. Виноградов жолдас Францияның премьер- министрі және сыртқы істер министрі Мендес- Франсқа болып, болуына көмектесу шаралары туралы мәселе талқыланған пайдалы болар еді деп санайды. Осы мақсатпен Совет Үкметі үстімізгі жылдың шамасы август-

талап етілді.

Партия ұйымы бұқаралық- саяси жұмысқа да күнбе- күн көңіл бөліп отырады. Колхоз ұгітшілерімен апта сайын семинар өткізіліп, онда кезекті әңгімені қалай өткізу жөнінде нұсқау- кеңестер

партия ұйымын алайық. Бастауыш партия ұйымы, оның секретары Попелло жолдас колхозда еңбек тәртібінің жақсаруына жетісе алмай келеді. Мұнда кейбір колхозшылар колхоз өндірісіне қатыспайды. Ал, шөп шабу, оны ұю және мал

жұмысқа колхоз өндірісіне келісе алмаласуын қамтамасыз етеді.

В. ЗАБОЛОЦКИЙ,

ҚКП Булаев аудандық комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі

Қажырлы еңбек, игі нәтиже

Образцовая МТС-нің Попов жолдас басқарған комсомол- жастар трактор бригадасы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында тың және тыңайған жерлерді игеруде жұмыс істейді. Бригада механизаторлары көктемгі егістің алғашқы күндерінен бастап- ақ социалистік жарысты көңілмен өрістете отырып, айтарлықтай табыстарға жетісін келеді. Көктемгі егіс агротехникалық талаптарға сай, қысқа мерзімде аяқталды. Игерілуге тиісті жаңа жерлердің 450 гектары мерзімінен бұрын, артығымен орындалды. 1450 гектар ескі және жаңа жерге қатты бидай, сұлы және басқа дақылдар егілді. Мұнымен бірге, бригада мүшелері ықтырма егудің жоспарын да ойдағыдай орындап шықты. Жоспар бойынша 750 гектар ықтырма егілуге тиіс болса, ол 1150 гектар болып орындалды.

Комсомолец- механизаторлар қол жеткен табысты баянды ете отырып, келесі жылдың егісі үшін тың жер есебінен пар жыртуды да ұйымшылдықпен өткізді. Олар еңбек өнімділігін есеппен арттырып, техника қуатын өнімді пайдалану арқылы өздерінің күнделік, айлық тапсырмаларын үнемі асыра орындауда. Мәселен, жас механизаторлар Шельмаков, Смыслов жолдастар «С—80» тракторымен күн сайын үнемі 1,5-2 нормадан орындай отырып, көптеген жанар, жағар майларын үнемеді. Тракторшы Смыслов жолдас «С—80» тракторымен 1400 гектардан астам жер жұмыстап, 1030 килограмм жанар, жағар майларын үнемеді. Бригадада мұндай көрсеткіштерге ие болып жүрген механизаторлар аз емес.

Комсомол- жастар бригадасы трактор жұмысының жылдық жоспарын мерзімінен бұрын 120 процент етіп орындады. Сөйтіп, комсомол- жастар бригадаларының облыстық жарысында бірінші орынды жеңіп алып, ҚЛКЖО облыстық комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болды. Бригаданың көптеген механизаторлары аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің құрмет грамоталарымен наградталды.

Бригададағы комсомол тобы, оның жетекшісі Қаратаев жолдас механизаторлар арасындағы саяси тәрбие жұмысына күнбе- күн көңіл бөліп отырады. Мұнда смена аралығында, жұмыстан кейін комсомолец- ұгітшілер СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы жөнінде, ауыл шаруашылығының жаңалықтары туралы және басқа тақырыптарда әңгімелер өткізеді. Газет, журналдардан, көркем әдебиеттерден дауыстап ұзінділер оқуды ұйымдастырады. Мұнымен бірге, бригадада ұгітшілердің көмегімен жауынгерлік листоктар шығарылады. Онда озат механизаторлардың жұмыс ұлгілері насихатталады. Жұмыстағы кейбір кемшіліктер қатты сынға алынады. Сол сияқты, комсомол тобы жас механизаторлардың түгелдей социалистік жарысқа ұштасуын қамтамасыз етті. Әрбір бескүндік сайын социалистік жарыстың қорытындылары шығарып отырылады. Жарыс озаттары бригаданың көрсеткіш тақтасына жазылады. Мұның бәрі, бригада коллективінің шаруашылық жұмыстарда айтарлықтай табыстарға жетіп, әрбір механизатордың сменалық нормасын мерзімінде және асыра орындауына мүмкіндік беруде.

Озат механизаторлардың жұмыс тәжрибелері бригадалардың өндірістік жыйналысында үнемі талқыланып тұрады. Онда қол жеткен кейбір табыстармен бірге, жұмыстағы кемшіліктер де қатаң сынға алынады. Тракторшы Кузьмин жолдас көктемгі егістің бастапқы кездерінде өзінің күнделікті нормасын орындамаушы еді. Бригада комсомолдарының жыйналысында алынған міндеттемелердің орындалуы жөнінде мәселе қаралып, мұнда Кузьмин жолдас қатаң сынға алынды. Ол трактор қуатын өнімді пайдаланбаған. Болмашы себептермен трактордың жұмыссыз тоқтап тұруына жол берген. Жыйналыста Кузьмин жолдас алдағы уақытта бұл кемшіліктерді қайталамауға, сменалық нормасын 1,5—2 есе орындауға міндеттенген еді. Ол өзінің берген уәдесін бұлжытпай орындап шықты. Қазір Кузьмин бригададағы таңдаулы механизаторлардың бірінен саналды.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысына жауап ретінде трактор жұмысының жылдық жоспарын біржарым есе орындауға міндеттенді. Сол сияқты, егін орағын ұлгілі әзірліктермен қарсы алып, оны қысқа мерзімде өткізуді ұйғарды.

Бұл күндері бригада механизаторлары комсомол ұйымының басшылығымен еселенген қарқынмен еңбек етіп, еңбек өнімділігін барған сайын арттыра түсуде. Олардың көктемгі егіс кезіндегі сияқты егін орағы күндерінде де өздерінің алған міндеттемелерін аброймен орындап шығатынында күмән жоқ.

К. ЗОРИН,

Ленин ауданы.

Партия ұйымдары секретарьларының семинары

Жақында ҚКП қалалық комитетінің кітапханасында қалалық партия комитеті бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарын өткізді. Семинарға 130-дан астам адам қатысты.

Семинарда ҚКП қалалық комитетінің секретары И. Полипов жолдас «Партиялық- саяси жұмысты өндірістік жұмыстармен ұштастыра жүргізейік», қалалық партия комитетінің секретары М. Попов жолдас «Бастауыш партия ұйымы—партияның негізі», ҚКП облыстық комитетінің насихат және ұгіт бөлімінің меңгерушісі П. Егоров жолдас «Партия оқуы күйесіндегі жаңа оқу жылына әзірлік жөнінде» баяндамалар жасады, қалалық партия комитетінің лекторы И. Мицуков жолдас халықаралық жағдай туралы лекция оқыды.

Малшылар арасындағы ұгіт

«Красное знамя» колхозының (Преснов ауданы) ұгітшілері малшылар арасында СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын кеңінен насихаттап, оларды жаңа еңбек табыстарына жігерлендіруде. Бастауыш партия ұйымы ұгітшілермен семинар- кеңестерін өткізіп, олардың бұқаралық- саяси жұмыстарын ойдағыдай жүргізуін қадағалап, оған күнбекүн басшылық жасап отырады.

Ұгітші- коммунист Глотов жолдас мал отарларындағы малшылар арасында июнь Пленумының қаулысын кеңінен насихаттай отырып, олардың мал шаруашылығын өркендету жөнінде Пленум алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдыруда. Глотов жолдас өзінің әңгімесінде жергілікті фактілерден мысал келтіріп, озат малшылардың тәжрибесін қоса насихаттап отырады. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беруде. Осы жылдың өткен жеті айы ішінде колхоз бойынша әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1187 литрден сүт алынды. Колхоз мемлекетке 2600 центнерден астам сүт тапсырды. Мұнымен бірге колхоз август айында 500 центнерге жуық сүт сатуды көзден отыр.

Фермада өзінің ұлгілі ісімен өнеге көрсетіп жүрген озат малшылар аз емес. Озат сауыншы Порядина жолдас өткен жеті ай ішінде әрбір сауын сыйырдан жоспардан тыс 200 литрден сүт алды.

Колхоз бастауыш партия ұйымы бұқаралық- саяси жұмысты идеялық жоғары дәрежеде жүргізу арқылы ферма малшыларын СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы алға қойған міндеттерді аброймен орындау күресіне жұмылдыра береді. Сөйтіп, олардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда жаңа еңбек табыстарына жетуін қамтамасыз етеді.

В. СКИБСКИЙ.

КОСТАНАЙ, (ҚазТАГ). Костанай даласында егін жыйнау жұмысы күннен-күнге кең өріс алуда. Облыс аудандарының үштен екі бөлегі кәзірдің өзінде арпа мен бұздік қарабидай оруда.

Егін жыйнайтын агрегаттардың озат машинистері егін орағының алғашқы күндерінен бастап-ақ жоғары өнімді еңбек етіп келеді. Семиозерная МТС-нің комбайншысы Василий Покадей Энгельс атындағы колхозда «Сталинец-6» комбайнымен үш күннің ішінде 70 гектардай арпа орды. Оның комбайны күні-түні жұмыс істейді, бастырылған астық бункерден комбайн жүріп бара жаткан кезде машинаға тиеледі.

Маринов совхозы комсомолкаларының шақыруымен

Маринов совхозы комсомолкаларының үндеуіне жауап беріп, тың және тыңайған жерлер игеруге баруға тілек білдірген астананың жас патриоткаларының алғашқы тобы 30 июльде Алматыдан жүріп кетті.

Алматы қалалық комсомол комитетінен жолдама алған 23 қыз Қазақстанның солтүстік облыстарына жұмысқа аттанды. Олардың арасында Алматы ауыр машина жасау заводының компрессор машинисі Валентина Калачева, Алматының № 36 мектебін бітіруші және Казгосстройпроектінің чертежшісі Нина мен Тамара Холодниковалар, № 2 баспаханаының баспа машинашылары Нина Орлова, Раиса Квиткина, Лилия Чаракеева, Нина Шабельникова және басқалары бар.

АСТЫҚ ТАЗАРТУ МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛДЫ

ТАЛҒАР, (Алматы облысы). (ҚазТАГ). «Красный путиловец» ауылшаруашылық артелінде механикаландырылған екі қырман жұмыс істей бастады. Пакров СЭС-нің механиті Михаил Дорошин, электрик-тер Сергей Загребов пен Константин Нечаев двигательдер орнатып, электр жабдықтарын монтаждады. Электр қуатының пайдаланылуы веялкалардың жұмыс өнімділігін бес есе арттырып, ондаған колхозшыны басқа жұмысқа ауыстырды.

Қазір Карл Маркс атындағы, Сталин атындағы және басқа колхоздарда механикаландырылған қырмандар жұмыс істейді. Биыл Іле ауданының көптеген ауылшаруашылық артелінде комбайннан түскен астықты механизмдермен қосымша өңдеу қолданылады. Отыздан аса жабық қырман жабдықталды.

Астық—мемлекетке

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанда мемлекетке астық сатушы колхоздардың саны күннен-күнге көбеюде. Сайрам ауданының «Трудовик» ауылшаруашылық артелі дайындау пунктіне 10 мың пұт бидай тасып жеткізді. Сарағаш ауданының Карл Маркс атындағы колхозы бір күннің ішінде мемлекетке 6 мың пұт астық тапсырды.

Облыс колхоздары мемлекетке сату есебінен қабылдау пунктіне 150 мың пұт бидай тапсырды.

Совет Үкметінің тапсыруы бойынша мынадай мәлімдеме жасаған:

«Женева кеңесі мүддесі елдер арасында шешілмеген халықаралық проблемалар жөнінде келіссөздер жүргізу халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету және бейбітшілікті нығайту мүдделеріне жауап беретін қолайлы нәтижелерге жеткізетіндігін көрсетті.

Осыған байланысты Совет Үкметінің таяудағы айлар ішінде қатысуға ниет білдірген барлық европалық мемлекеттердің кеңесін өткізу туралы Франция, Англия және АҚШ үкметтеріне, сол сияқты, АҚШ-қа және бақылаушы ретінде Қытай Халық Республикасының өкіліне Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру жөніндегі мәселені талқылау үшін кеңеске қатысу жөнінде ұсыныс жасағаны мәлім. Мұндай кеңестің халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін және халықаралық ынтымақтастықты онан әрі дамыту үшін үлкен маңызы болатындығына күмәндануға болмайды.

Сонымен қатар, Совет Үкметі бұл кеңестің маңыздылығын еске ала отырып, Франция, Англия, АҚШ және ССРО үкметтері алдын -ала осындай кеңесті шақыру туралы және бұл кеңестің табысты сессиясы алдында Франция, Англия, АҚШ және ССРО Сыртқы істер министрлерінің кеңесін өткізуді, сол сияқты, Герман мәселесін онан әрі қарауды көздеуді ұсынады.

Бұл ретте Совет Үкметі герман проблемасының негізгі мәселелері, атап айтқанда, Германияның бірлігін қалпына келтіру және Германиямен бітім договорын жасау жөніндегі мәселе бойынша әлі күнге дейін келісімге қол жеткендігін, бұл үшін қажетті жағдайлардың әлі жасалмағандығын еске алады. Осындай жағдайда, Совет Үкметінің пікірі бойынша, ең алдымен кәзіргі уақытта мүдделі елдерге қолайлы шешімге келудің жолдарын табу мүмкін болып отырған кезде герман проблемасының жекелеген мәселелері бойынша келісімге келу үшін жаңадан күш жұмсау қажет болар еді».

4 августа осындай мәлімдемелерді ССРО-ның Англиядағы Елшісі Я. А. Малик жолдас Англияның сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министрі Ллойд мырзаға және ССРО-ның АҚШ-тағы Елшісі Г. Н. Зарубин жолдас АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес мырзаға жазды.

(СОТА).

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

Көрмеде 75 мың адам болды

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде таңертеңгі сағат 8-ден мымырт жұмылғанға дейін адамдар көп болады.

Бас павильонды көргеннен кейін экскурсанттар көрменің өздері негұрлым жақсы танысқысы келетін бөлімдерін аралайды. Россия Федерациясының павильонына келушілер өте көп.

Барлық экскурсанттар қолдарына дәптерлер мен блокноттар ұстаған.

Иркутск облысынан келген ауыл шаруашылығының бір топ қызметкерлері экскурсия жетекшісінің түсініктерін зейін қойып тыңдауда. Хариковск МТС-інің жас агрономы Куклиннің назарын бидайдың жаңа сорттары тарта түсті. Ол көрмеге қойылған тұқымдардың ұлгілерін қарап, оларды салыстырып, сорттардың сыйпаттамаларын жазып алуда.

Агроном қаратопырақты емес өңірде күгеріні сұрленетін мал азығы ретінде өсірудің тәжрибесімен де зейін қоя танысты; павильонда қойылған жүгерінің жасыл сабақтары Москва түбінде өсірілген, оның биіктігі екі метрден асады.

Экскурсияда болған екінші бір адам—Қуйтун аудандық атқару комитетінің председателі Катомин жолдас Красноярск өлкесінің Минусинск ауданындағы Ленин атындағы колхоздың стенд жанында бөгелді. Бұл колхозда жақсы өнім беретін үлкен алма бауы өсірілген.

Келушілер Россия Федерациясының колхоздарында өсірілген овощтарды, жемістерді, техникалық дақылдарды, ауылшаруашылық шикізатынан жасалған алуан түрлі буйымдарды көруде.

«Астық» павильонында да адамдар көп. Экскурсанттар біздің егіншіліктің тарихын баяндайтын диорамалардың жанында ұзақ тоқтап тұрады.

Күндіз «Астық» павильонының лекция залында қызықты әңгіме өткізілді. Көрмеге келген Ростов облысының Сальск ауданындағы Сталин атындағы колхоздың председателі ССРО Жоғарғы Советінің депутаты А. П. Чеховский осы көп салалы озат шаруашылық туралы әңгімеледі. Ауылшаруашылық артелінің жыл сайынғы табысы үш миллион сомға жуық болады. Колхоз шаруашылық орындардың күрделі құрылысының жоспарын орындап, кәзір колхозшыларға үй салуға үлкен көмек көрсетуде. Кәзірдің өзінде-ақ 90 үй салынды. Быйылғы жылы тағы 50 үй салынады.

Колхоздың мәдениет үйінің лекциялық залында Москва түбіндегі Ленин МТС-інің директоры Б. Лянунов жолдас егіншіліктегі және овощ шаруашылығындағы жұмыстарды станцияның қалайша кеңінен механикаландырғаны туралы әңгіме өткізді.

Көрме ашылғаннан бері «Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру» павильонында жүз елуге жуық экскурсия, оның ішінде жетпеген шетелдік экскурсия болды. МТС-тер мен совхоздардың механизаторларының назарын бәрінен де жаңа техника-картоп жыйнайтын және жүгері жыйнайтын комбайндар, жүгеріні шаршы-ұялап егуге арналған машина, аспалы құралдар, электрлендірілген мұнаралы су шығарғыш тартады.

Әрбір павильонда күні бойына ондаған экскурсиялар болды. 3 августа көрмеде 75 мыңнан аса адам болды.

(СОТА).



СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Петропавл паровоз депосының ақаусыз жұмыс істейтін токарі Анатолий **Тараканов**. 2. Петропавлдағы тігін фабрикасының ақау тексерушісі **Н. Любых** озат моторшы Тамара **Рычкованың** жұмысын тексеріп тұр. Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Фабриканың озаттары

Москва қаласы мен Москва облысының озат кәсіпорындарының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің патриоттық бастамасына үн қоса отырып, қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасы өз жұмысын жақсарту мақсатында көтеріңкі міндеттемелер алған еді. Ол міндеттемелерді орындау жолында фабрика цехаралық, бригадааралық және жеке тігіншілер арасында социалистік жарыс өрістей түсті.

Фабриканың И. Фурцева жолдас басқарған № 1 тігін цехы А. Уколова, Р. Иеламова сыяқты еңбекте үлгі көрсетіп жүрген тігіншілерін мақтанып ете алады. Олар айлық тапсырмаларын үнемі 150-160 процентпен орындауда.

Алдыңғы қатарлы еңбек озаттары фабриканың басқа цехтары мен бригадаларында да бар. Мәселен, № 2 цехтың А. Михайленко жолдас басқарған бригадасының тігіншісі Е. Исакова мен оюшы Т. Романова айлық тапсырмаларын 220 процентке дейін орындап жүр.

Сол сыяқты, киім пішу цехындағы оюшы А. Завьялова жолдас еңбек өнімділігін 266 процентке жеткізді. Сменалық тапсырмасын 160-180 процентке дейін орындап, өнім сапасын үнемі жақсартып келе жатқан тігіншілер Т. Аликотина, М. Лунегова, оюшы М. Руденко сыяқты жас жұмысшы қыздар екінші жарты жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындау үшін жаңадан көтеріңкі міндеттемелер алды.

Бұл сыяқты озат тігіншілердің өнегелі істерінің нәтижесінде фабрика 1954 жылдың алғашқы жарты жылында өнімнің өзіндік құнын 209 мың сомға кемітті.

Еңбек озаттары фабрика комитетінің құрмет грамотасымен бірнеше рет наградталып, қалалық және фабриканың құрмет тақталарына жазылды.

Еңбек озаттары өздерінің жұмыстары мен шұғылданып қана қоймай, өндірісте үнемі ізденумен бірге, өздерінің тәжрибелерін фабрикаға келген жас қыздарға да үйретуде. Тігіншісі 3. Иванов жолдас фуфайка тігуде жаңа алынған 3 жас жұмысшыны өз мамандығына үйретіп шығарды. Осындай жолдастық көмектің арқасында Г. Калмакова, Т. Давыдова, Н. Лаврова жолдастар сменалық тапсырмаларын қазір 100-120 процентке дейін орындай бастады.

Шебер А. Уколова жолдас О. Индрилэ мен З. Степанованы шалбар тігу мамандығына еріпбей үйретті. Жас қыздар шалбар тігу мамандығын ойдағыдай меңгеріп, қазір сменалық нормаларын 140 процентке дейін орындап жүр. Е. Афанасенко жолдас та аз уақыттың ішінде екі жас қызды тігіншілік енерге үйретті.

Жолдастық көмектің нәтижесінде үстіміздегі жылдың алғашқы жарты жылында тігін фабрикасының 45 тігіншісі өндірістің алдыңғы қатарлыларының әдісімен еңбек ету дәрежесіне жетті.

«Комсомолка» тігін фабрикасының әрбір жұмысшысы 1954 жылдың жұмыс жоспарын 25 декабрьге дейін толық орындап шығу үшін социалистік жарысқа жаппай ұштасты.

А. ҚАЗТАЕВ.

Жолаушылардың қамы үшін

Әйелдер еңбекке белсене қатысуда

«Интернационал» колхозында (Октябрь ауданы) қоғамдық еңбекке белсене қатысып, шаруашылықтың түрлі салаларында еңбектің үлгілерін көрсетіп жүрген колхозшы әйелдер көптеп саналады. Колхоздың қой фермасын басқару Б. Шомақаева жолдасқа жүктелген. Шомақаева жолдас өз ісіне жауаптылықпен қарап, қой басын көбейту, оның өнімділігін арттырып, қой қырқу, мемлекетке жүн тапсыру жөніндегі міндеттемелердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етіп келеді. Қазір фермада қой саны 1100 басқа жетті.

Колхоздың озат сауыншылары Н. Еремутова, А. Жайлаубаева және басқалары сүт сауу жоспарларын ай сайын 110 процеттен орындап келеді. Ал, Жумина, К. Қоқыбаева жолдастар бие саууда қажырлы еңбек етіп жүр.

Колхозда әйелдерден шөп маялаушылар бригадасы ұйымдастырылған. Н. Жақсыбаева жолдастың басқаруындағы бұл бригаданың мүшелері шабылған шөпті маяға үюде күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындап отырады.

С. ҚАЙЫРЖАНОВ.

ОҚУШЫЛАР КОЛХОЗ ӨНДІРІСІНДЕ

Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздық мектеп оқушылары жазғы демалыстары кезінде туған колхоздарында қоғамдық еңбекке белсене қатысып, мал азығын дайындауда айтарлықтай көмек көрсетті. А. Есжанов, С. Ғаббасов сыяқты оқушылар тракторға тіркелетін кең алымды шөп машинасында жұмыс істеп, күндік тапсырмаларды бір жарым- екі есе орындап отырады. Колхоз басқармасы бұл оқушылардың мал азығын дайындауда тапқан еңбеккүндеріне қосымша ақыға 10 центнерден шөп берді.

Сол сыяқты оқушылар А. Өлменов, С. Шегебаев, Ә. Қабиденов күн сайын 500-550 центнер шөп жыйнап жүр.

Е. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

Жаңа совхоздарға баруға тілек білдірді

Быйыл қаладағы малдәрігерлік техникумының бухгалтерлік бөлімін 60 адам бітіріп шықты. Олардың қатарында 50 қыз бар. Ақмола облысы, Маринов совхозы комсомолкаларының шақыруы бойынша олардың бәрі де тың жерлерде жаңадан ұйымдастырылған шаруашылықтарға баруды ұйғарды. Патриоткалардың өтініші қанағаттандырылды. Оқу озаттары Екатерина Лесковская және Юзефа Сосновская Көкшетау облысының Рузаев совхоздар тресіне, Александра Застебина Ақмола облысының Атбасар совхоздар тресіне жолдама алды. Техникум бітіріп шығушылардың кейбіреулері Қостанай, Павлодар облыстарында, ал, кейбіреулері өз облысымызда жұмыс істейді.

Халық таланттарының облыстық байқауы не көрсетті?

Халық таланттарының жақында болып өткен облыстық байқауы облыс көркемөнершілерінің искусство саласында ойдағыдай дәрежеде жетістіктері бар екендігін көрсетті.

Байқауға 11 ауданнан 26 коллектив, оның ішінде 8 колхоз коллективі қатынасты. Байқауға қатысушылардың жалпы саны өткен жылдағыдан әлде қайда көп болды. Көркемөнерпаздардың ішінде 155 колхозшы, облысымызға тың және тынайған жерлерді игеруге келгендерден 93 адам, МТС, совхоз жұмысшылары, ауыл-село интеллигентері бар. Байқауда 4 драма коллективі, 13 хор коллективі, 4 шекті аспаптар оркестрі, би коллективтері, көптеген әншілер, көркем сөз оқушылар өздерінің өнерлерін көрсетті. Көркемөнерпаздар коллективтері мен жеке орындаушылардың репертуарына негізінен көсемдерімізді, сүйікті Отанымызды, ұлы партияны, совет халқының берік достығын жыр ететін, жер жүзі халқын бейбітшілікке шақыратын шығармалар енгізілген. Сол сыяқты, ССРО халықтарының классикалық шығармалары бар.

Байқауда репертуардың әртүрлілігімен, орындаушылық қабілеттерінің арта түскендігімен көзге түскен Преснов, Булаев, Ленин аудандарының коллективтері жақсы табысқа жетті. Преснов ауданының көркемөнерпаздары бірінші орынға ие болып, облыстық ауыспалы жүлдені өздерінде сақтап қалды.

Булаев ауданына тың жер игеруге келгендер Грунский, Ульянова, Грунская тағы басқалары өз номерлерін беріле орындаулары арқылы қала жұртшылығының назарын аударды. Ленин ауданынан келген әншi Светличный классикалық шығармаларды біркелкі тәуір орындады.

Кейбір коллективтер өздерінің творчестволық іздену жолында екендігін көрсетті. Мысалы, Ленин ауданының коллективі «Таныс емес тың жолмен» деген тақырыпта әдеби -музыкалық монтаж әзірлеген. Преснов мәдениет үйі әзірлеген «Ән салайық, достар» деген монтаж да қызғылықты шыққан. Монтажда СОКП Орталық Комитетінің февраль- март Пленумының қаулыларының жүзеге асырылуы, партияның шақыруы бойынша жас патриоттардың тың жерлерге келуі; Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право алу үшін өріс алған еңбек өрлеуі; жаңа құрылыстар; тың жерлердегі көңілді өмір көркем түрде әсерлі бейнеленген. Атай кететін нәрсе, монтажды орындауға жас патриоттардың өздері қатынасқан. Село өнерпаздарының байқауына қала халқы үнемі көңіл бөліп отырды. Тандаулы орындаушылардың қала еңбекшілері үшін арнап берген концерттерін 10 мыңнан астам адам тыңдады.

Байқауды өткізбестен бұрын облыстық мәдениет басқармасы оған кең көлемді әзірлік жұмыстарын жүргізді. Көркемөнерпаздардың аудандық байқаулары өткізілін, онда өз өнерлерімен ерекше көзге түскен өнерпаздар іріктеліп алынды. Кейбір кездескен кемшіліктерді жою жөнінде тиісті кеңестер берілді. Мәдениет және ағарту қызметкерлерінің 20 күндік семинары өткізілді. Бұл жұмыстар байқауға қатынасқан коллективтердің репертуарларының мазмұнды, саяси -идеялық дәрежесінің жоғары болуына көп көмек берді.

Сонымен бірге бұл байқауда облыс көркемөнерпаздарының жұмысын жақсартуда әлі де кемшіліктер бар екендігі байқалды.

Көпшілік аудандарда драма, би коллективтері ұйымдастырылмаған. Байқауға тек қана төрт ауданнан драма, би коллективтері қатынасқан болса, олардың өзінің де әзірліктері жеткілікті болған жоқ. Көңіл аударарлық бір кемшілік, —облыс аудандарында көркемөнерпаздардың ұлттық коллективтерін құру жұмыстарына жеткілікті көңіл бөлінбегендігінде. Бұған байқауға тек Преснов ауданынан ғана бір қазақ коллективі қатынасқаны айқын дәлел бола алады. Қазақша жеке ән және би орындаушылардың саны аз, дайындықтары жеткіліксіз.

Мұның бәрі әлі күнге дейін облыс колхоздарында көркемөнер үйірмелерінің жұмысын жақсарту жолға қойылмай келе жатқанын көрсетеді. Совет, Петропавл, Конюхов аудандары күн ілгері әзірлік жұмыстарын ұйымдастырудың орнына, байқау басталуға 3—4 күн қалғанда ғана қатынасушыларды жыйнап алған. Жеткілікті дәрежеде дайындықтары болмағандықтан бұл аудандардың коллективтерінің орындауы өз мүмкіншіліктерінен төмен дәрежеде болды. Ал, Мамлют ауданында ешбір әзірлік жұмысы жүргізілмеген.

Егер, облыстың барлық аудандарында аудандық мәдениет бөлімдері мәдениет үйлерінің, клубтардың жұмысына жете көңіл аударып, көркемөнер үйірмелерінің өз шеберліктерін арттыруына, көркемөнерпаздардың қатарын жас таланттармен толықтырып отыруға үнемі көмектесіп отырса, бұл кемшіліктер орын алмаған болар еді. Алайда, аудандық мәдениет бөлімдері бұл маңызды мәселеге жете мән бермей келеді. Мұның себебі, аудандық партия комитеттері мен атқару комитеттері мәдениет бөлімдеріндегі бұл кемшіліктерді жою үшін елеулі шаралар қолданбай отырғандығынан деуіміз керек.

Аудандық мәдениет үйлері, ауыл-селолық клубтар көркемөншілердің шеберлігін арттыратын шын мәніндегі орталығы болуы тиіс. Көркемөншілер үйірмелерінің репертуары идеялық мазмұны жоғары жаңа шығармалармен толықтырылып отырылуын, көркемөнерпаздардың қатарына жаңа, ынталы, талантты жастарды тартуды үнемі жүргізіп отыру облысымыздың мәдениет қызметкерлерінің ардақты міндеті.

А. ОВЧИННИКОВ,
Облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары.

Редакцияға хат

„Күн әлі жаз ғой" дейді

Таң алдындағы тәтті ұйқыға кет Батталовты кеңеттен сатыр ете түс дауыс оятып жіберді. Ұйқылы көзімен болғанын түсінбеген ол электр шам зорға жағып, жарыққа көзі үйренгенш кейін бөлме ішіне көз салды.

Бөлме еденінің есік жақ шеті төм үсіп қыйсайыпты. Пеш бұрынғы орн да жоқ. Өлде қайда төмен түсіп кетк Бөлме төбесінің пеш трубасы тұрған ж рі үңірейіп көрінеді. Ашық аспанда жұлдызды санауға болатындай. Бөл іші шаң. Коридорға шыққан Баттал көршілес бөлмеде де осындай жағдай е нін аңғарды.

Не істеу керек? Қолайсыз жағдай ұшыраған олар түн ішінде есік алдын ғы сарайға көшуге кірісті.

Бұл жағдай Петропавл станциясын темір жол бөлімшесінің № 10 жатақхан сында бұдан 2 ай бұрын болған еді.

Станцияның № 2 үй құрылыста дистанциясының құрылыс мекемесі № жатақхана үйін салу жұмысын өтк жылдың күзінде қолға алған болатын Ұзақ қысқа созылған бұл құрылыс уст міздегі жылдың апрель айында аяқталд Бірақ, пайдалануға беру комиссиясы он қабылдамады. Үйдің қайта жасауды к рек ететін көп жерлері бар екенд ашылды. Кептірілмеген су тақтайлард жасалған есіктер бірнеше күннен кей кеуіп, аралары ашылып кеткен.

Осы күйінде жұмысшыларды кіргізу болмайды деген комиссияның ескерткенін қарамастан, мекеме бастығы И. Корен кий жатақханаға жұмысшыларды кіргі беруге нұсқау берді. «Жаз шығып келе ді. Жол-жөнекей жөндейміз ғой, қалғ нын» —деді ол. Бұған сенген жұмысшы лар семьяларымен әлі толық салын бітпеген үйге орналасты. Алайда, ола бөлмелердің тұруға қолайсыз жасалған дығын аңғарды. Бөлме іші тар, ас пісіре тін орын қолайсыз. Мысалы, жұмысш М. Катина 10 бала, ауру әкесімен 18 текше метрлік бөлмеге орналасқан. Мұнд ай бөлмеде 12 адамның тұруы ешқанда санитарлық- гигиеналық ережеге сый майды. Үй бұрынғы холодильниктің орн ына салынған. Үйдің асты терең шұнқыр. Үйді саларда мастер А. Акуленк шұңқырды толтырын бітеудің орнына оның бетін жай ғана цементпен жапқан. Үстінен салмақ басқан кезде ол оны көтере алмай төмен құлап түскен. Батталовтың бөлмесінде болған жағдай осы еді.

№ 10 жатақхананың құрылысына 124 мың сомның қаржысы жұмсалды. Бұл қаражат оған толық жетуге тиісті еді. Алайда, құрылыс басшыларының жауапсыз қарауы салдарынан үйге қосымша жөндеу жүргізу үшін әлі де мыңдаған сомның қаражаты керек болып отыр. Ал, жөндеу жұмысы ұзаққа созылуда. Құрылыс мекемесі бастығының орынбасары Пономарев «Әлі жаз ғой, сарайда да тұра беруге болады» —дейді.

Мұнда жұмысшылардың тұрағы мен жұмыс орны мекеме конторынан 4 ша-

жылы шыраймен қабылдап, оларды деркезінде жөнелту үшін Петропавл вокзалының коллективі біраз шараларды жүзеге асырды.

Кәзір вокзалда 14 билет кассасы жұмыс істейді. Вокзалдың барлық үйлері мен перрон алаңдары толық жөнделді. Поездар расписаниесі, кестелер қайта жасалып, көрсеткіштер жаңартылды. Билет кассалары кәзір әрбір бағытқа билет сатуға лайықталған. Бұл жолаушылардың билет сатып алуын жеңілдетіп, кассирлердің жұмысын жеңілдете түсті. Балалар үшін тәулік бойына жұмыс істейтін кассалардың жұмысы қайтадан ұйымдастырылды.

Вокзалдың жанындағы ресторан үйі сапалы жөнделіп, аналар мен балалар үшін кең бөлмелер жабдықталды.

Жолаушыларды ойдағыдай қамту үшін поездарда жүріп, билет сататын арнаулы кассирлер тобы ұйымдастырылып отыр. Олар келе жатқан поездардың алдынан шығып, алыс сапарға баратын жолаушылар билетінің мерзімін ұзартып береді.

осындай әдіспен алысқа баратын 5 мыңға жуық жолаушының билетінің мерзімі ұзартылған. Еліміздің атақты билет кассирі Аладиннің әдісі бойынша жолаушыларға билет сатуды ойдағыдай ұйымдастырып отырған тандаулы кассирлердің бірі —кассир Антонина Николаевна Соловьева. Ол — коммунист, ол өзінің жұмысын үздіксіз жақсарта беру үшін күресуде. Соловьева жолдас теміржолшылардың Бүкілодақтық кеңесіне қатысып, өзіне көтеріңкі міндеттемелер алып келді. Ол алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Соловьева жолдас июль айында 77—55—61 поездарда болып, 1,5 мың жолаушыға билет сатуға жетісті.

—Жолаушыларды қамту жұмысын бұрынғыдан да жақсарта беретін боламыз, — дейді коммунистка Соловьева жолдас. —Бұл біздің негізгі міндетіміз. Петропавл вокзалының коллективінің жұмысына жолаушылар әрқашан разы болу үшін біз жолаушыларды қамтуды жақсарта береміз.

С. ОРАЗОВ.

Ә. СӘЛМЕНОВ.

АЛЫНҒАН МІНДЕТТЕМЕ МІНСІЗ ОРЫНДАЛДЫ

Ленин атындағы колхоздың (Пресное ауданы) жылқышысы Қалиқан Нұрмағамбетов бес жылдан бері жылқы фермасында істеп келеді. Шілдеңің аңызақ ыстығында да, қыстың қытымыр суығында да оның баққан малы сәбір шығынға ұшырап көрген емес. Колхоздың жылқы шаруашылығы жылдан- жылға өркендеп, табысты шаруашылықтың саласына айналуда.

Быйыл Нұрмағамбетов жолдас 70 биеден 70 құлын алуға міндеттенген еді. Қалиқан өз сөзін аброймен орындады. Кәзір ол 65 биеден 65 құлын алып, оларды шығынсыз өсіріп келеді. Бұл өткен жылғыдан 13 құлын артық алынды деген сөз.

А. ҚАЗИЕВ.

Ауылдық мектепте

Совет ауданындағы Аралағаш жетіжылдық мектебі облысымыздағы үлгілі мектептердің бірінен саналады. Мектептің оқушылар коллективінің қажырлы түрде жұмыс істеуінің нәтижесінде бұл мектепте соңғы жылдары екінші жылға қалдырылған оқушы болған емес.

Оқушылардың түгел жақсы үлгеруіне, оқу жасындағыларды мектепке толық қамтуға жетіскені үшін бұл мектеп Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат етіп бекітілді. Мұндай құрметті шараны алу үшін мектептің жас мичуриншілері де зор үлес қосты. Олар мектеп жанындағы тәжрибе участогінде өткен жылы ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алды. Быйылғы жылы да әртүрлі тәжрибе жұмыстары жүргізілуде. Көрмеге қатынасу правосын алғандардың ішінде оқу озаттары 6-класс оқушылары Бекенова, Аленов, 7-класс оқушылары Бекмағанбетов, Зекенова, мектеп директоры М. Хасенов, оқытушы Д. Қабыкеев жолдастар бар.

Мектепті быйыл 40 оқушы бітіріп шықты. Олардың көпшілігі ауылшаруашылық мамандығын меңгеру үшін техникумдар мен мамандық курстарына түсуде.

Мектеп коллективі өткен оқу жылы аяқталғаннан кейін жаңа оқу жылына әзірлік жұмысын қызу қолға алды. Мектеп үйі толық жөндеуден өтіп, парталар, жазу тақталары толық тәртіпке келтірілді. Қысқа керекті отын мектеп үйінің жанына тасылып алынды. Оқушыларға керекті оқу құралдары сатып алынып, мектеп кітапханасы жаңа әдебиеттермен толықтырылуда. Жазда көңілді дем алған оқушылар жаңа оқу жылында таза, жарық мектеп бөлмелерінде оқыйтын болады.

Ш. АЙТМАҒАНБЕТОВ.

жұмыс басталарда жұмыс маркаларын беріп және аяқталғаннан кейін оны алу үшін күн сайын 16 километр жер жүріп, екі сағаттан астам жұмыс уақытын жоғалтады.

Құрылыс жұмыстарындағы мұндай тәртіссіз кемшіліктерді жоятын уақыт жетті. Бұл мекеменің басшылары Корецкий мен Пономарев жолдастар бұл жөнінде деркезінде ойланғандары жөн.

Ғ. ЖЕКЕНОВ.

Еңбекшілер тілегі ескерілмей отыр

Пресное аудандық орман шаруашылығының негізгі бөлімі Черемшесия кардонына орналасқан. Мұнда көптеген жұмысшылар, малшылар, орман шаруашылығының мамандары тұрады. Еңбекшілердің жұмыстан бос уақытын мәдениетті түрде тынығып, көңілді өткізгісі келетіні заңды нәрсе. Олардың күнделікті мәдени- тұрмыс қажеттерінің тыңғылықты өтелуіне қамқорлық жасап отыру аудандық орман шаруашылығы басшыларының (директоры Тригубченко жолдас) басты міндеттерінің бірі бола тұрса да, олар бұл мәселеге немкетті қарап келеді.

Мұнда барлық мүмкіншіліктің жеткілікті болуына қарамастан әлі күнге дейін клуб үйін салу жұмысы қолға алынбаған. Клуб болмағандықтан аудан орталығынан өзі сирек келетін кино- фильмдер мастерскойда, қоймаларда көрсетіледі. Соның өзі сапасыз көрсетіліп, кейбір сеанстар бірнеше сағатқа созылады, тіпті кейде екінші күнге қалдырылады.

Еңбекшілер кітап, газет, журнал алып оқып, шахмат, дойбы ойнайтын оқу үйі де жоқ. Радио торабы жабдықталмаған.

Благовещенка почта бөлімшесі кардоннан 7-8 километрдей ғана жерде тұрады. Бірақ, орман шаруашылығының басшылары еңбекшілердің газеттерін, хат -хабарларын уақытылы жеткізіп тұруды ұйымдастырмай -ақ келеді. Мұнда газет, журналдар 10- 15 күн кешігіп келеді. Оның өзін кім көрінген әкелгендіктен жазушылардың қолына тие бермейді. Бұл жағдай аудандық байланыс мекемесіне белгілі бола тұрса да байланыс мекемесінің қызметкерлері де хат -хабар тасуісін жолға қоюға көңіл бөлмей келеді.

Благовещенка селолық тұтынушылар қоғамының кардондағы дүкенінің жұмысы да қанағаттанғысыз. Дүкен сатушы Л. Қосманова жолдас еңбекшілерді керекті көпшілік тұтынатын товарлармен тыңғылықты қамтамасыз ете алмай отыр.

Жоғарыда айтылған кемшіліктер кардонда тұратын еңбекшілер үшін күнбекүнгі қамқорлықтың жеткіліксіз екендігін көрсетеді. Аудандық Совет атқомі мен орман шаруашылығы басшылары Черемшесия кардонында тұрушылардың мәдени және тұрмыс қажетін тыңғылықты өтеу үшін қажетті шараларды қарастырғаны жөн болар еді.

А. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

Советтік Түркменстанның павильоны

Жарыса өскен ағаштардың ішінде, қалың көгал фонында советтік Түркмения павильонының үйі көзге түседі. Оның фасадтарының алды биік, жоғары ұшқырланған колонналар. Үйдің қабырғалары ашық түсті ұлттық нақыштармен әшекейленген. Павильон залдарына аяқ басқанда жайлы тиетін әсем кілемдер төселген.

Көрмеге келушілердің мұнда кіре берісте бірінші болып көретіні — молшылық тау-теңізі. Бұл тау-теңіз мақтаның жұмсақ нәзік түгіршіктерінен, жібек көбелегінің жарқырауық құттарынан, әсемделген қымыралардан жасалған. Бұлардың барлығының үстінде металл мен шыныдан жасалған мақта бұтасы тұр. Мақта құндақтарының ішінде электр шамдары. Олар алма кезек жанып және сөніп тұрады —сөйтіп, тығыздалған құндақтан ашылатындай және сыртқа оның ішіндегі затыторқанын ақ түгіршіктері ағылып түсіп жатқандай болады.

Түркмен республикасы көрмеге келушілерге молшылық елі, жоғары мәдениетті ел есебінде көрінеді.

Кішкене ғана стенд түркмен халқының революцияға дейінгі ауыр тұрмысына арналған. Біздің алдымызда аса тамаша фотосурет тұр. Қуаң тартқан сүреңсіз жер бөлегі, ағаштан жасалған жер қопсытатын ертедегі құралдарды сүйреп келе жатқан арық-тұрық түйелер, тек қана байға беру үшін емес, сонымен бірге өзінің де үй-ішін асырауға жетерліктей астық жыйнауға дәмелі, арып-шаршаған дихан екі қолымен ағаш тұтырға сүйеніп келеді. Міне, бір басқа сурет—жер астынан нәрлі ылғал алу үшін жасалған дөңгелекті айналдырып жүрген сылбырт жүрісті түйе. Бұл шығырдың көмегімен жер суландыру деп аталатын.

Залға қарама- қарсы жаққа диаграмма орналастырылған. Ұшы-қыйыры көрінбейтін мақталы алаң, кесіп өтетін каналдың кең арнасы, мақта және басқа дақылдар алаңдарына суару жүйесінің су апаратын шексіз көп күре тамырлары. Егер революцияға дейін халықтың 80 проценті болып саналатын кедейлер жердің небары 26 процентіне ғана ие болса, кәзір Түркмен ССР-нің еңбекші шаруалары республиканың барлық жер байлықтарына ие, бір ғана бұл емес— бұрын байлардың қолында болған барлық су, енді коллективтік егін алаңдарын суаруға пайдаланылады. Мұнда, Совет өкметі жылдарында су құрылыстарын салуға 206 миллион сом қаржы жұмсалды. Ірі 3 су қоймасы жасалды, 227 километрлік магистральды каналдар қазылды.

Түркмен ССР павильон залының ол шетінен бұл шетіне көз жетпейді. Мұнның барлығы республика өмірінің бүгінгі күнін айқын көрсетуге арналған.

Түркмен ССР-нің үлкен картасы. Оны әсемдік жағынан шын мәнісінде сирек кездесетін зат деп айтуға болады. Түркмениянның халық шаруашылығының өркендеу жайымен танысамын деушілердің маңызды өнеркәсіп орындары орналасқан аудандарды да, ауылшаруашылық дақылдарының белгілі бір түрі өсірілетін жерлерді де көруіне және қоғамдық мал шаруашылығының қаласына орналастырылғанын білуіне болады.

Совет өкметі жылдарында Түркмениядағы өнеркәсіптің мүлдем жаңа салалары — мұнай өңдейтін, химия, жібек тоқыйтын, цемент, консерв және де көптеген басқа салалары жасалды. Түркмен ССР-нің ауыр өнеркәсіп орындары өнімді 1952 жылы 1928 жылдағыдан 15 есе артық өндірді. Кәзір республиканың ауыл шаруашылығын 61 машина- трактор станциялары қамтыйды, колхоздарда дала жұмыстарының 90 процентін атқару механикаландырылған.

Арнаулы стенд осындай МТС-тердің бірі —Бірінші Марынскі МТС-і жөнінде баяндайды. Бұл станция жалпы егіс көлемі 6 мың гектарлық 8 колхозды қамтыйды. Мұнда жіңішке торқалы шитті мақта сортының гектарынан жыйналатын өнім орташа алғанда 25 центнерге жетеді. 1950 жылдан бері МТС-тің трактор паркінің қуаты 2 есе артты, МТС қамтыйтын колхоздардың егін даласында негізгі дала жұмыстары толық механикаландырылған.

Көрмені көрушілер Түркменнің М. И. Калинин атындағы ауылшаруашылық институтының табыстары жөнінде баяндайтын стендқа барады. Бұл революцияға дейін бүкіл халқы сауатсыз болған, ал, кәзір мектептері, техникумдары жоғары оқу орындары, өзінің ғылым Академиясы, ғылми- зерттеу мекемелері бар ел Түркмениядағы ең қарт жоғары оқу орындарының бірі.

Калинин атындағы институт ауыл шаруашылығы үшін мамандығы жоғары кадрлар даярлайды. Кәзір онда 1315 студент оқып жүр. Өзі өмір сүре бастағалы 1930 жылдан бері, ол елімізге 1700 дей аса агрономдар, мал дәрігерлерін, инженер-механизаторлар даярлап берді.

Павильон қабырғаларының бойымен әдемі постаментте республиканың ауыл шаруашылығының атақты адамдарының скульптуралары орнатылған. Олардың ішінде Социалистік Еңбек Ерлері— Марый ауданындағы «Заричи» колхозының председателі Аллаберді Атакаррыевтің, Ленин ауданы Тельман атындағы колхоздың председателі Оразгелді Эрсарыевтің және басқаларының кеуде суреттері бар. Олардың ту сыртын ала әсем жасалып орналастырылған стендылар — жүгерілерді шаруашылықпен — көрме экспонаттарымен таныстырады.

Міне, «Большевик» колхозының стенді. Ортада шыны астында мақта егісі үшін игерілін жатқан жердің түрін бейнелейтін шебер жасалған панорама. Мақта — бұл шаруашылықтың егін даласындағы негізгі дақыл. Бұл ауылшаруашылық артелінің 28 мүшесі Социалистік Еңбек Ерлері болып саналады.

Ташауыз облысы Ильялинск ауданының Тельман атындағы колхозында мақтадан мол өнім алып жүрген республикадағы атақты мақта өсіруші Социалистік Еңбек Ері Оғұлджан Матчанованың тәжрибесін көрсетуге жеке стенд арналған. Өткен жылы ол әрбір гектардан 41 центнерден өнім жыйнады.

Түркмен елтірісінің даңқы республикадан басқа жерлерге де белгілі. Келушілер павильон экспозициясынан әдемі қаракуль елтірілерін көре алады. Олардың ірі қаракуль шаруашылықтарының бірі Чарджоу облысындағы «Талимарджан» совхозымен танысады. Орта кезінде қой отарының жайылымы бейнеленген совхоз стендасында, шаруашылықта 46 мың қой бар екендігі жөнінде баяндалады. Бұл қойлардан совхоз қызметкерлері жоғары сортты елтірілерді жыл сайын мол алып жүр. Ғылым қызметкерлері —республикалық ғылым академиясы мал шаруашылығы институтының қызметкерлері қаракуль совхозының бағалы өнім беру жөніндегі күреске белсене қатысып келеді. Бұл творчестволық коллективтің жұмысын баяндауға арналған стенд қарама-қарсы орналастырылған. Екі стендада —совхоз және институт стендалары қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы күреске ғылым мен практиканың тығыз байланысының қандайлық зор нәтиже беретіндігінің айқын дәлелі.

1935 жылы Ашхабад —Москва маршруты бойынша болған ат жарысы есте қалдырық оқиғаға. Ақалтеке тұқымдас аттардың 84 күнде 4300 километр жол жүргені мәлім. Бүгін Түркмен ССР-нің павильонында аттардың бұл бағалы тұқымын өсіретін Ашхабад облысы Ашхабад ауданының Сталин атындағы колхоздың жылқы фермасының табыстары жөнінде экспонаттар қойылған.

Жібек және жеміс- жидек саласындағы алдыңғы қатарлылар туралы баяндайтын материалдардан көп нәрсе үйренуге болар еді. Мәселен, Чарджоу облысы Чарджоу ауданының Куйбышев атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің табыстары жайында үлкен стенд баян етеді. Олар алманың жақсы сорттарын —ранед, ақ розмарин, сары бельфер және басқаларын өсіреді. Колхоз бақшасы алып тұрған алаңның әрбір гектарынан соңғы екі жыл бойына орташа алғанда 98 центнерден жеміс жыйналды.

Павильонды аралаушылардың көздерінше республиканың әр салалы ауыл шаруашылығы, түркмен халқы жасаған оның ен дәулеті елестейді. Павильонды көру колхозды стройдың түркмен деревнясыла не бергендігін баяндайтын дәйекті мәліметтерді көрсетумен аяқталады. Ол мынау: республика облыстарының ақшадай жалпы табысы 1940 жылдағы 445 миллион сомның орнына 1953 жылы 1291 миллион сомға жетті. ССР Одағының орденмен және медальдарымен наградталған деревнядағы атақты адамдардың саны мың адамнан асты. 138 колхозшының кеудесінде Социалистік Еңбек Ерінің алтын медалі жарқырап жүр.

ГДР халық палатасының мәжлісі

БЕРЛИН, 4 август. (СОТА). Бүгін Герман Демократиялық Республикасының халық палатасының мәжлісі болды.

Палатаның мәжлісінде мына мәселелер қаралды:

1. Герман Демократиялық Республикасы үкметінің мәлімдемесі;

2. ГДР Халық палатасының 1954 жылғы 17 октябрьге белгіленген сайлауы туралы заң;

3. Округтік советтердің сайлауы туралы заң;

4. Табиғатты қорғау туралы заң және басқалар.

Герман Демократиялық Республикасының премьер- министрі Отто Гротеволь герман мәселесін шешу жөнінде Женева кеңесі мен Совет Үкметінің 1954 жылғы 24 июльдегі нотасының маңызы туралы үкмет мәлімдемесін жасады.

ГДР сыртқы істер министрлігінің хабары

БЕРЛИН, 4 август. (СОТА). АДН агенттігі ГДР сыртқы істер министрлігінің хабарын берді, онда былай делінген:

Үстіміздегі жылдың 2 және 3 августында мемлекеттік хауіпсіздік органдары Гелен мен американ күпия қызметінің тыңшылық ұйымдарының көптеген агенттерін тұтқынға алды.

Бұлардың тыңшылық және зиянкестік әрекеттері неміс патриоттарының қырағылығы арқасында, сол сияқты, жоғарыда көрсетілген күпия қызметтердің қызметкерлерінен алынған мемлекеттік хауіпсіздік органының документтері мен информацияларының арқасында әшкереленді.

Герман мәселесін бейбіт демократияшыл негізде реттеу үшін

ЛОНДОН, 4 август. (СОТА). Герман мәселесін бейбіт жолмен шешуді жақтаушылардың топтасқан комитеті (герман мәселесін бейбіт жолмен реттеу үшін күресуші кейбір ағылшын қоғам ұйымдарының күш- жігерін топтастыру үшін мұнан бір жыл бұрын құрылған ұйым) мемлекеттер арасында бейбіт келіссөздерінің идеясын жақтауға ағылшын халқын шақырған мәлімдеме жариялаған.

Батыс Германияны қайтадан қаруландыруға келісім беруге Францияны көндіруге әрекеттеніп, АҚШ пен Англияның Францияға ашық қысым көрсетіп отырғандығын атап көрсете келіп, комитет: «Француз газеті «Монд», Германияның социал- демократ партиясының басшысы Олленхауэр және ағылшын парламентінің мүшелері, көптеген лейбористер Германия жөнінде жаңа келіссөздер жүргізуге шақырды; жалпыевропалық хауіпсіздік пактісін жасау туралы Молотовтың ұсынысы осы келіссөздердің негізгі пункті болып табылады, деп атап көрсетеді комитет. Оған Құрама Штаттар да қосылуға тиіс. Совет Үкметінің 24 июльдегі нотасы осындай кеңеске жаңадан шақырудың сипаттамасы европалық реттеуге жетісу үшін әлі кешіккеніміз жоқ. Халықаралық жағдай түсініктірек болып келеді. Батыс Германияны қайта жасақтау тізгінін ұстаушы кедергі жасаған болар еді. Біз Германия бойынша мұнан былай да келіссөздер жүргізу үшін кеңесті шақыруға жетісу үшін күш-жігер жұмсауға мүдделі барлық ұйымдар мен жеке адамдарды шақырамыз. . .» деп мәлімдейді.

Германия мәселесін бейбітшілік жолмен шешуді жақтаушылардың топтасқан комитетінің председателі—көрнекті ағылшын заң қызметкері Джон Элтон.

ҚХР мен Индонезия арасындағы сауда келісімі

ДЖАКАРТА, 4 август. (СОТА). Индонезияның Антара агенттігі ҚХР-дің үкметтік делегациясы мен Джакартада келіссөздер жүргізудің нәтижесінде екі елдің арасында 6 миллион фунт стерлинг сомасындай товарлар айырбастарын жасау туралы келісімге қол жетті деп хабарлайды. Қытай мақта, тоқыма товарларын, жеңіл өнеркәсібі үшін машиналар беріп оның орнына копра, кофе, хинин және басқа шикізат товарларын алатын болады.

Кореядағы уақытша бітімді бұзуға лисынманшыл тобырдың жаңа әрекеттері

ПХЕНЬЯН, 3 август. (СОТА). Американ өкмет орындарының нұсқауы бойынша, бүгін лисынманшыл топ Кореядағы уақытша бітімді бұзуға бағытталған жаңа арандату әрекетін көрсетті. Оңтүстік-корейлік полицияның бастығы Ким Чан Чун уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссияның инспекциялық топтарындағы Чехословакия мен Польша мүшелерін тұтқынға алуды ашық түрде бұйырған.

Француз Пресс агенттігінің Сеул [illegible] мүшелерінің жеке қара басының хауіпсіздігі мұнан былай жауапкершілікке алынбайтын болады, өйткені, олардың Оңтүстік Кореядан бұдан былай болуын «тілемейміз» деп мәлімдеген. Оның мәлімдемесінен Чехословакия мен Польша өкілдеріне зорлық көрсету әрекеті олар Оңтүстік Кореядан кеткенше бола бере тіндігін айқын көрсетеді.

Бүгін Тәгу мен Пусанда оңтүстік корейлік күзет әскерлері инспекциялық [illegible]

БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік Советінің сессиясында

ЖЕНЕВА, 4 август. (СОТА). БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік Советінің сессиясы қазіргі уақытта өзінің экономикалық, әлеуметтік және координация комитеттерінде күн тәртібінің бірқатар мәселелерін талқылауды аяқтап келеді.

Советтің бүкіл сессиясы сияқты, экономикалық комитет халықаралық экономикалық және сауда қарым- қатынасын өрістетуге байланысты мәселелерге баса көңіл бөлуде.

Экономикалық комитет дүние жүзіндегі экономикалық жағдай жөніндегі қарарды қабылдады, оның жобасын Египеттің, Индия мен Пакистанның делегациялары ұсынған болатын. ССРО мен Чехословакияның делегациялары бұл жобаға бірсыпыра елеулі түзетулер енгізді, бұдан соң комитеттің барлық мүшелері қарарды бірауыздан қабылдады.

Бұл қарарда БҰҰ-ға мүше елдердің үкметтеріне жасалған ұсыныс бар. Қарарда былай деп көрсетілген: экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешу ұлттардың арасындағы бейбіт және достық қатынастарды қамтамасыз ету үшін қажетті тұрақтылықтың және ыңғайлы жағдайлардың жасалуына көмектесетін болады, халықаралық шиеленісті бәсеңдету экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және экономикалық, әлеуметтік салаларда зор табыстарға жетуге еңбек жағдай жасайтын болады. Атап айтқанда, қарарда былай делінген:

1. Халықаралық саяси жағдайды жақсарту қару- жарақпен азайтылып, азаматтық өндірістің ұлғайтылуына жетелеуге тиіс;

2. Еңбек өнімділігі мен тұрмыс дәрежесін арттырумен сәйкестендіре отырып, жұмысшыларды жұмыспен толық қамтамасыз етуге жету және мұны бір қалыпты сақтау мемлекет ішіндегі, сол сияқты, халықаралық экономикалық және әлеуметтік саясаттың басты мақсаты болуға тиіс;

3. Нашар өркендеген елдердің өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және сауда саласындағы экономикалық дамуын тездетудің дүние жүзілік экономикалық гүлденуі үшін және тұрақты болуы үшін бірінші дәрежелі маңызы бар.

Кеше экономикалық және әлеуметтік Совет бұл қарарды да бірауыздан қабылдады.

Экономикалық комитет мұнымен қатар халықаралық саудадағы кедергілерді жою туралы мәселе жөніндегі қарардың екі жобасын: ССРО және Англия делегациялары ұсынған жобаларды да қарады.

Қарардың советтік жобасы мемлекеттердің арасындағы берік экономикалық және сауда қатынастарының бұл елдердің экономикасын өркендету, халықты жұмыспен қамтамасыз ету , және оның тұрмыс дәрежесін арттыру үшін зор маңызын сақтады және халықаралық саудада жасанды кедергілер мен шек қою сұрақтарын бәрін түсіндіре келіп, БҰҰ-ға дүние елдердің үкметтеріне халықаралық жою жөнінде шаралар қолдануды ұсынады. ССРО қарарының жобасы мұнымен қатар БҰҰ-ның бас секретарына халықаралық сауданы өрістету жөніндегі ұсыныстарды даярлау мақсатымен БҰҰ-ға мүше елдердің, сол сияқты, басқа елдердің үкмет сарапшыларының халықаралық конференциясын шақыру үшін инициатива көрсетуді ұсынады.

Советтік жоба ұлттық экономикасын өркендетуге ұмтылатын барлық елдердің мүдделеріне сай келеді.

Көптеген делегациялар қарардың советтік жобасының идеяларына келісіп, үкмет сарапшыларының халықаралық конференциясын шақыру туралы ұсынысқа да принцип жағынан қарсы шыққан жоқ. Алайда, АҚШ делегациясының қысым жасауымен комитет мүшелерінің болмашы ғана көпшілігі қарардың советтік жобасына формальді ескертулер енгізіп, ағылшын жобасына дауыс берді; бұл жоба үкметтерге «халықаралық өзара кедергі сауданы онан әрі өрістетуді жеңілдету үшін барлық мүмкін болған шараларды» қолдануды ұсынады, сол сияқты, БҰҰ-ның бас секретариаты дүние жүзіндегі экономикалық жағдай туралы келесі баяндамаға «халықаралық сауданың өрістетілуіне шек қоятын факторларға талдауды» енгізуді ұсынады.

Қарардың бұл жобасының халықаралық саудадағы кедергілерді жою туралы аса маңызды мәселені шешуді белгісіз уақытқа кешеуілдететіні өзінен- өзі түсінікті.

ЖЕНЕВА, 5 август. (СОТА). Советтің сессиясы БҰҰ-ның Европа үшін экономикалық комиссиясының жылдық баяндамасын талқылай бастады.

Баяндаманы комиссияның атқарушы секретары Г. Мюрдаль жасады, сөйтіп, ол қызу дискуссия туғызды. Дискуссияға көптеген елдердің өкілдері қатысты.

Бельгияның, Норвегияның, Түркияның, Югославияның және Европаның басқа мемлекеттерінің делегациялары өздерінің сөздерінде барлық европалық елдердің арасындағы, атап айтқанда, Шығыс және Батыс Европа елдерінің арасындағы экономикалық қарым-қатынастарды өрістету мақсатында комиссияның күш салуының маңызын атап көрсетті.

Совет өкілі П. М. Клыкин өзінің сөзінде комиссия Европадағы экономикалық қарым- қатынасты өрістету саласында, сол сияқты, іргелес мемлекеттер арасындағы қарым -қатынасты дамыту саласында пайдалы жұмыс істегенін атап айтты.

Мұнымен бірге, деді совет өкілі, комиссияның барлық европалық елдер арасындағы сауда байланыстарын дамытып, өрістетуге қатысы бар мәселелерді талқылап, түбірлі ұсыныстарды дайындау, сол сияқты, өндірістік тәжрибе ауыстыру саласында өзінің жұмысының, сондай-ақ комитеттерінің жұмысын күшейту мақсатында әлі көп жұмыстарды істеуі керек. БҰҰ-ның Европа үшін экономикалық комиссиясы мұнымен бірге еврозүзінің барлық басқа елдері арасындағы экономикалық байланыстарды өрістетуге көмектесуге тиіс.

Комиссия, деп атап көрсетті П. М. Клыкин, бұл міндеттерді оның жұмысына Европаның барлық мүдделі мемлекеттері белсене қатысқан жағдайда ғана ойдағыдай орындай алады.

Осыған байланысты, ол экономикалық және әлеуметтік Советтің 17-ші сессиясының экономикалық комиссияға тек Австрияны, Германияны, Италияны, Португалияны және Финляндияны, Болгарияға, Венгрияға және Румынияға тең право беруден бастарту туралы қарарының кемсітушілік сипаты бар екенін және европалық елдер арасындағы экономикалық қарым- қатынасты нығайтуға көмектеспейтінін атап көрсетті. Совет өкілі былай деп көрсетті: бұл елдер Европаның көпшілік елдерімен бірқалыпты дипломатиялық қатынастар жасайды, бұл елдермен шаруашылық, мәдени және басқа қатынастарды да орнатты; Европаның экономикалық өміріне, атап айтқанда, сыртқы саудаға белсене қатысады және комиссияның жұмысына белсене қатысып жүр. Сондықтан, деді ол, бұл елдердің комиссияда тең праволы болмауы дұрыс емес және комиссияның мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келеді.

Совет делегациясы қарардың жобасын ұсынды; ол БҰҰ-ның Европа үшін экономикалық комиссиясында Албанияға, Болгарияға, Венгрияға және Румынияға шешуші дауыс правосын беру үшін комиссия шығылданатын мәселелерге қатысы бар 7-ші параграфты өзгертуді көздейді.

Экономикалық және әлеуметтік советтің кешегі мәжлісінде ССРО қарарының жобасын қуаттап, Чехословакияның өкілі, Носек, сол сияқты, Аргентинаның, Индияның және басқа елдердің делегациялары келді. Алайда, АҚШ және француз делегацияларының қолдауымен Англияның делегациясы мәселені қарау жобасы туралы формальді қарсылық білдіріп, осы сылтаумен аталған негізде экономикалық комиссияда шешуші дауыс правосын беру туралы мәселені шешуді кейінге қалдыруды ұсынды.

АҚШ және түсініктті мәселені шешуді былай әдейі кешеуілдетуге ССРО, Чехословакия, Индия және Аргентина делегациялары қарсы дауыс берді. 4 делегация дауыс беруден қалыс қалды.

Дауыс беретін себептерін түсіндіріп, сөз сөйлеп, Аргентинаның өкілі мынаны мәлімдеді: экономикалық комиссияның жұмысына қатысып отырған европалық төрт мемлекетке шешуші дауыс правосын беру туралы мәселе белгісіз уақытқа кейінге қалдырылған себептерді ол толық негіздеген деп есептемейді. Мен, деді Аргентинаның өкілі, қазіргі уақытта советте көпшілік болып отырғандардың өздері соншама көп айтып жүрген ынтымақтасу және өзара түсінісу ісін [illegible]

ГРЕЦИЯДАҒЫ СОҒЫС ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ АУЫРТПАЛЫҒЫ

АФИНЫ, 4 август. (СОТА). «Элефгерия» газеті өзінің «Күңгірт болашақтар» деген басмақаласында: «Үстіміздегі жылдың июнь айында координация министрі 1953—1954 финакс жылында грек бюджетінің 56 проценті соғыс шығындары болады деп мәлімдеді. Енді қорғаныс министрі армияның санын 500 мың адам есебінде сақтан қаламыз ба, немесе оның санын 75 мыңға түсіріп кемітеміз бе, бұған қарамастан, өткен жылға қарағанда соғыс шығынын едәуір кеңейту керек болады деп сендіреді. Өткен жылғы соғыс шығындарының тәзгісіз ауыр болғандығы былай да белгілі. Ұлт жұрғшылығы, болмашы адамгершілік пен мүдденің өзі грек халқына өте ауыртпалық болып отырған соғыс шығындарының зардабынан грек халқын босатуды талап етеді» деп жазады.

ОҢТҮСТІК -ШЫҒЫС АЗИЯДА СОҒЫС ОДАҒЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ИНДИЯ, ЦЕЙЛОН ЖӘНЕ ИНДОНЕЗИЯНЫҢ ҚАТЫСУДАН БАСТАРТУЫ ТУРАЛЫ ФРАНС ПРЕСТІҢ ПІКІРІ

ПАРИЖ, 4 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Маниладан берген хабарына қарағанда, Филиппиннің вице- президенті және сыртқы істер министрі, Ол Гарсиа, Индия, Цейлон және Индонезия Оңтүстік- Шығыс Азияда соғыс одағын жасақтаудың американдық жобасын талқылау жөніндегі конференцияға шақырған шақыруды қабылдамай тастады, деп хабарлаған.

ОҢТҮСТІК -ШЫҒЫС АЗИЯДА СОҒЫС ОДАҒЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ КЕҢЕСКЕ ФРАНЦИЯНЫҢ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ФРАНС ПРЕСС АГЕНТТІГІНІҢ ХАБАРЫ

ПАРИЖ, 4 август. (СОТА). Француздың беделді топтарына сүйене отырып, Франс Пресс агенттігі Оңтүстік- Шығыс Азияда соғыс одағын жасақтау туралы кеңеске Франция қатысады деп хабарлады.

ЕГИПЕТТІҢ ПРЕМЬЕР- МИНИСТРІ НАСЕРДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ- ЙОРК, 5 август. (СОТА). Ассоциэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Каирден берген хабарына қарағанда, премьер-министр Насер өзінің әңгімесінде Египеттің қарулы күштерін күшейту үшін Құрама Штаттардың беретін соғыс «көмегін Египет құттықтайтын болады» деп мәлімдеген.

Насер бұған қоса болашақта Египет өзінің сыртқы саясатын батысқа қарай бейімдейтіндігін айтқан.

ШЫҒЫС ПАКИСТАНДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

КАРАЧИ, 4 август. (СОТА). Шығыс Пакистаннан алынған хабарларға қарағанда, әлі болып жатқан өзендердің тасуы Дакка қаласының оңтүстік ауданын су тасқынының астында қалу хаупін күшейтуде көрінеді. Үйлердің көпшілігі су астында қалған. Дакка мен провинцияның солтүстік аудандарының ара-

ден берген хабарына қарағанда, Ким Чан Чун кәзіргі уақытта Оңтүстік Кореяда жүрген инспекциялық топтардың осы

Шабуыл жасаушылар Чехословакия мен Польшаның өкілдеріне зорлық көрсетуге әрекеттенген.

АҚШ ИРАН МҰНАЙЫН ӨЗ ҚОЛЫНА АЛУДА

ТЕГЕРАН, 5 август. (СОТА). «Ферман» газетінің хабарына қарағанда, келесі аптада «Тегеранды байқау» мақсатымен «рабиен американ ойл компании» (АРАМКО) өкілдерінің бір тобы Тегеранға келетіне көріпеді. Бұл топтың құрамына американдық «Ситис сервис ойл компании» мұнай компаниясының өкілі кіреді. Газеттердің айтуына қарағанда, ол Иран үкметінің басшы адамдарымен Иран үкметіне берілген мұнайдың біраз бөлегін сатып алу жөнінде келіссөздер жүргізбек. Мұнай туралы келіссөздердің барысында осы бөлек ретінде өндірілетін мұнайдың 12 процентін Иран үкметінің билігіне беру туралы қарар қабылданады.

АҚШ-тағы жұмыссыздық

АҚШ экономикасындағы кризистің белгілері американ өнеркәсібінің көптеген тарауларында өндірістің едәуір қысқартылуына әкеліп соқтырды, сондықтан да американ өнеркәсібі кәзір толық қуатымен жұмыс істемей отыр. Металлургия өнеркәсібі өзінің өндірістік қуатының 64—68 процентін, автомобиль өнеркәсібі — 70 процентін, бүкіл ауыр өнеркәсіп — өз қуатының 70 процентін ғана пайдалануда. Жеңіл өнеркәсіп те толық қуатымен жұмыс істемей отыр.

АҚШ-та өндірістің қысқартылуына байланысты жұмыссыздар армиясы күннен-күнге көбеюде. Осы жылғы февральда АҚШ еңбек министрлігі: елде жұмыссыздық «едәуір» қамтыған 59 аудан, яғни еңбекшілердің 6 процентін астамы жұмыссыз отырған аудандар бар деп жариялаған болатын.

Июньнің бас кезінде АҚШ еңбек министрлігі жұмыссыздық аймақтарының тізіміне тағы да 16 ауданды қосқан. Министрлік сонымен қатар жұмыссыздардың саны барлық еңбекшілердің 12 процентінен асатын аудандар пайда бола бастағанын мойындаған. Алтуна, Джонстон, Уилкс—Барре, Хейзлтон (Пенсильвания штаты), Лоуренс (Массачузетс штаты), Провидение (Род -Айленд штаты) қалалары сияқты ірі өнеркәсіп орталықтары осындай аудандардың қатарына жатқызылған. Американ кәсіподақтарының есептеріне қарағанда, кәзір АҚШ-та бес жарым миллионнан аса толық жұмыссыздар бар.

Американ прогрессіл баспасөзі жұмыссыздық бұдан былай бұрынғыдан да гөрі арта түседі деп көрсетуде. «Дейли уоркер» газетінің Чикагодағы тілшісі жуырда былай деп жазды: «Интернейшнл харвестер кампани» компаниясы өткен жылы 9 мың жұмысшыны жұмыстан шығарған еді, ал быйылғы жылы сентябрьге дейін тағы да 9 мың жұмысшы жұмыстан шығарылады деп күтілуде. Егін жыйнау кезінде осылай жұмыстан шығару, деп көрсетті тілші, АҚШ-тың ауыл шаруашылығындағы кризис белгілерінің терендей түскенін ғана емес, сонымен бірге елдің экономикасының жалпы құлдыраганын да көрсетеді.

Жұмыссыздық миллиондаған еңбекшілерді ауыр мұқтаждыққа ұшыратуда. Жұмыссыздардың кәсіподақ баспасөзінде басылған хаттары олардың ауыр жағдайда екенін көрсетеді.

Монополиялар кризистің зардаптарын жұмысшылардың мойнына жүктеуге, өндірістің «құлдырауынан», ұтылмай, қайта ұтып шығып, өз пайдаларын бұрынғыдан да гөрі арттыра түсуге тырысуда. Кәсіподақтық «Серчлейт» газеті жуырда бұл жөнінде былай деп жазды: орасан зор монополиялар «жалақыны кеміту жолымен, конвейерлер жүрісін шапшаңдату жолымен және кәсіподақтарға қарсы күресу науқанын жүргізу жолымен американ жұмысшыларын ауысыз қанай отырып, пайда түсіруге тырысуда».

1953 жылы АҚШ-та жұмысшылардың жалақы қоры 6 миллиард доллар азайған. Жұмыс істейтін еңбекшілердің 60 проценті ең қарапайым тұрмыс дәрежесін қамтамасыз ете алмай отыр. Кәсіпкерлерінің еңбекті қанауын күшейтіп отырғанын Лоуренс қаласындағы тоқыма фабрикаларының біріндегі жағдай айқын көрсетеді, бұл фабриканың жіміші-лігі цехтардың ішіне зембілер қойған, өйткені әйелдер жұмысты атқара алмай, сүлдесі құрып құлап қалуда.

Еңбекшілердің тұрмыс праволарына монополиялардың шабуыл жасауы жұмысшылардың күшейген қарсылығына кездесуде. Жұмысшылар жалақыны арттыру және еңбек жағдайын жақсарту үшін күресуде. 1953 жылы АҚШ-та 5.100 ереуіл болып, оған 2 миллион жұмысшылар мен қызметшілер қатысқан. Быйылғы жылы металлургия өнеркәсібінің көптеген заводтарының жұмысшылары бірнеше рет ереуіл жасады, Нью-Йорк портындағы жүкшілер 29 күн ереуіл жасады, 8 батыс штаттарының ағаш өнеркәсібінің 100 мың жұмысшылары, 17 мың байланыс жұмысшылары, атом заводтарының 4.500-ге жуық жұмысшылары, каучук өнеркәсіп кәсіподағынан мүше 30 мыңдай жұмысшы ереуіл жасады. Американ жұмысшыларының өз праволары жолындағы күресі күннен- күнге күшейе түсуде.

Г. ГЕВОРГЯН.

лық саудадағы бұл жасанды кедергілерді

ропалық елдер арасындағы және дүние

ЖАПОНИЯНЫҢ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРЫ ИОСИДА КАБИНЕТІНІҢ ОРНЫНАН ТҮСУІН ТАЛАП ЕТУДЕ

ШАНХАЙ, 5 август. (СОТА). Токиодан алынған хабарларға қарағанда, кеше жапон парламентінде оппозициялық төрт партияның өкілдерінің кеңесі болған. Кеңеске қатысушылар парламенттің төтенше сессиясын шақыруды талап еткен және бұл сессияда Иосида үкметіне сенімсіздік білдіру жөнінде бірауыздан қарар қабылдаған.

Бұл қарарды төменгі палатаның 228 депутаты қолдаған: прогрестік партиядан 72, солшыл партиядан 71 және оңшыл социалистік партиядан 63, Жапонияның либералдық партиясынан 8, тәуелсіздерден 5 және басқа партиялар мен топтардан 9 депутат қолдаған.

ИНДОНЕЗИЯНЫҢ ИНФОРМАЦИЯ МИНИСТРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ДЖАКАРТА, 5 август. (СОТА). Бүгін газеттерде Индонезияның информация министрі Тобингтің мәлімдемесі жарияланған. Мәлімдемеде Индонезия үкметінің Оңтүстік- Шығыс Азия шартына қосылу жөніндегі АҚШ- тың ұсынысын мақұлдамайтыны туралы айтылған. Өйткені, бұл ұсыныс бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті сақтауға бағытталған біздің бостандық сүйгіш ішкі саясатымыздың принциптеріне қайшы келеді. Тобинг Индонезияның ешқандай соғыс одағына қатысқысы келмейтіндігін атап көрсеткен. Біздің ел, деген ол, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті қорғау үшін келешекте де белсенділікпен күреседі.

АМЕРИКАН ӘСКЕРЛЕРІ—ИСЛАНДИЯДАҒЫ ХАУІПТІ ЖӘНЕ ҚАЖЕТСІЗ ҚОНАҚ

КОПЕНГАГЕН, 3 август. (СОТА). Исландияның социал- демократиялық партиясының органы «Алтюдбладид» газеті жуырда мақала жариялап, онда американ әскерлерінің Исландиядан әкетілуін талап етті.

Женева кеңесінің жақсы нәтижелерін атап көрсетіп, газет былай деп жазды:

«Біздің елімізде орналасқан шетелдік армия Исландияның қоғамдық өмірінің бірқатар дәстүрлі ерекшеліктерін бұзды. Тынышсыз халықаралық жағдай Исландияны оккупацияға көнуге мәжбүр етті, бірақ Исландия әрдайым бейбітшілік бағытта өз елінде шетелдік армия болуын қаламайтынын білдіріп келді. Оккупацияны сақтаудың алғы шарттары жойылып бара жатқан сияқты көрінеді. Егер солай болса, онда үкмет бұрынғы мәлімдемелеріне сәйкес шетел армияларының әкетілуін қамтамасыз етуге ұмтылуы тиіс. Егер үкмет өзінің осы борышын орындауға қамқорлық жасамаса, онда өзінен- өзі түсінікті бұл талапты жүзеге асыру үшін халықтың басым көпшілігі бірігетін болады.

Генерал Ли Сан Чоның наразылығы

ПЕКИН, 4 август. (СОТА). Синьхуа агентігі тілшісінің Кәсоннан берген хабарына қарағанда, корей-қытай жағының талабы бойынша кеше шақырылған уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясының төтенше мәжілісінде корей-қытай жағы делегациясының аға мүшесі генерал- лейтенант Ли Сан Чо уақытша бітімді байқау жөніндегі бейтарап комиссияның қызметкерлерінің хауіпсіздігіне американ жағынан жасалған хауіп төндірушілікке қарсы батыл наразылық білдірген.

31 июльде Оңтүстік Кореяда —Инчонда, Пусанда, Куньсанда және Сеулде уақытша бітімді байқау жөніндегі комиссияның және оның бейтарап инспекциялық тобының мүшелерінің қарсы бағытталған алдын- ала әзірленген демонстрациялар, қорлаушылық мінез- қылықтар көрсету және қорқытушылық болған; бұл жанжалдарда американдар, лисынмандық өкмет орындарымен полиция ұйым дастырып, баспылық етіп, олардың өздері де қатысқан. Пусан мен Куньсанда бейтарап инспекциялық топтың мүшелеріне оқ атылып, бомбалар тасталған.

Генерал Ли Сан Чо американ жағына уақытша бітімді байқау жөніндегі бейтарап комиссияның жұмысына кедергі жасау, уақытша бітім туралы келісімді бұзу және Азияда шиеленіскен жағдай туғызу мақсатымен іс-әрекеттер істелініп отырған мұндай қылмыстарды тоқтату үшін нақтылы шаралар қолдануға тиіс екендіктерін ескертті. Ол американ жағы мұндай жанжалдың қайталануына жол бермеуге және жоғарыда аталған жанжалдарға жауапты барлық адамдарды қатаң жазалауға шақырды.

Американ жағы жауапкершіліктен жалтару үшін мүмкін болғанның барлығын да істеуге әрекеттеніп бақты, бірақ ақыр аяғында оның соғыс бақылауындағы аудада уақытша бітімді байқау жөніндегі бейтарап комиссияның қызметкерлерінің хауіпсіздігіне және сол комиссияның жұмысына хауіп төндірген бірнеше жанжалдардың шынында да болғандығын мойындауға мәжбүр болды. Американ жағы комиссияның қызметкерлері және оның жұмысы жөнінде өздері алған міндеттемелерді бұдан былай орындайтындықтарын атап көрсетті.

Гватемаладағы оқыйғалар жайында

НЬЮ- ЙОРК, 4 август. (СОТА). Гватемаладан алынған хабарларда былай делінген: Гватемала қаласында Гватемаланың тұрақты армиясының бөлімдері мен быйылғы жылғы июнь айында Гондурас территориясынан Гватемалаға қарсы агрессия жасаған полковник Кастильо Армастың жалдамалы әскерлерінің арасында қарулы қанды соқтығысулар болған.

Соқтығысулар 2 августа таңертең басталған. Гватемала әскери училищесінің курсанттары мен офицерлері Кастильо Армас көтеріліс жасаушылардың негізгі талаптарын орындауға— өзінің жалдамалы армиясын қарусыздандырып, таратуға келіскен.

Мынадай факты назар аударарлықтай: қарулы көтерілістің басшылары жеңіске жетулеріне қарамастан, Кастильо Армастың және агрессия жасау жөніндегі оның сыбайластарының орнынан түсуін талап етпеген. Ол- ол ма, көтеріліс жасаған әскерлер командованиесінің өкілдері Гватемаладағы прогрессіл күштерге қарсы радио арқылы сөз сөйлеген және көтерілістің АҚШ- тың агрессияшыл топтары әзірлеген қарулы интервенция нәтижесінде елде орнаған өктемдік тәртіпке қарсы бағытталмағандығын атап көрсеткен.

Кастильо Армастың жалдамалы әскерлерінің тез арада тізе бүгуі — агрессорларды жек көретін халық бұқарасы арасында ешбір табан тірей алмайтындығы былай тұрсын, тіпті реакцияшыл офицерлер басқарып отырған тұрақты армияда да ешбір сүйенші жоқ екендігін дәлелдейді.

АҚШ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ҰЛТТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ШАҚЫРЫЛУЫ

НЬЮ- ЙОРК, 5 август. (СОТА). АҚШ Коммунистік партиясының ұлттық комитеті баспасөзге арнаған мәлімдемесінде үстіміздегі жылдың 7-8 августында, Нью-Йоркте 1954 жылғы сайлау қарсаңындағы науқанда партияның саясатын талқылау үшін ұлттық конференция шақырылатындығын атап көрсеткен.

Партияның сайлау алдындағы науқанын өткізу жөніндегі комитетінің төрағасі Перри конференция конгреске сайлау және партияның жуырда жарияланған программасы жобасы негізінде бірқатар аудандарда коммунистерді кандидат етіп ұсыну жөніндегі мәселелерді талқылайды деп мәлімдеген. Сонымен қатар, ұлттық конференция демократиялық және республикашыл партиялардың кандидаттар мен программаларға көзқарасын белгілейді деп күтілуде.

Мыңдаған адамдар баспанасыз қалған. Егіс алаңдарына келтірілген зиян орасан зор. Жергендердің айтуына қарағанда, кейбір елді пункттер толық су астында қалған немесе олардың орнында жалғыз-жарым үйлер ғана қарандайды. Адамдар қайықтар мен өзен кемелерінен пана іздеуде.

ИРАНДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

ТЕГЕРАН, 4 август. (СОТА). «Эттелаат» газеті Казвин төңірегіндегі деревнялардағы су тасқынының нәтижесінде 400 адам қаза тапты деп хабарлайды. «Кейхан», «Посте Техран» газеттерінің хабарына қарағанда, Таром-Софла облысының 12 мың тұрғын адамдарына («Эттелаат» газеті 40 мың адам деп жазады) аштан өлу хаупі төнген.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЛҒАШҚЫ КӨКТЕМ»

Сағат 4-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30-да басталады.

Петропавл станциясындағы № 32 ФЗО темір жол мектебі паровоз кочегарларын даярлайтын алты айлық оқуға оқушылар алады. Оқуға 1936 жылы туған жастар алынады.

Оқуға түсушілердің қолында паспорты, білімі туралы анықтамасы (білімі кемінде 4 класс көлемінде болуы шарт), тұрған жерінен алынған анықтамасы, 4 фотосуреті болуы керек.

Оқушылар екі қабат арнаулы киммен, жатақханамен, үш мезгіл ыстық аспен қамтамасыз етіледі.

Мектептің адресі: Петропавл станциясы, 1-полоса отчуждения көшесі, № 32 ФЗО мектебі.

Дирекция.

Петропавл қаласы, Киров көшесі, 59-үйде тұрушы Владимир Федосеевич Заярный Петропавл қаласы, Водопровод көшесі, 67-үйде тұрушы Римма Ивановна Селезневадан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02080. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.